№45 (53) мамыр 2026 жыл

SARASÓZ



Алма Қыраубаева

Филология ғылымдарының докторы, профессор

Директор-Бас редактор
Гүлжаз ҚАРЫБЕК

Дизайны: **Бекжігіт Сердәлі**
Қатегері: **Еңлік Қалдархан**
Суретші: **Мұрат Шаханбай**

Редакцияның мекен-жайы: Түркістан қаласы, 26 көше, 3/1-үй.
Тел: +77028398688,
e-mail: gulastana100@mail.ru

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы куәлігі №KZ81VPY00049690 27.05.2022 ж. берілді
Меншік иесі:
ЖК «Қыдықбекова Г.К.»

Журнал «Print houze Gerona» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 30 А/3-үй

Мақала авторының көзқарасы редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. «Сарасөзде» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, журналға сілтеме жасалуы міндетті

Таралу аумағы:
Қазақстан Республикасы, Түркия

Таралымы: 1000 дана

Индекс: 74974

www.sarasozmedia.kz
+7 702 839 86 88

Мұқабада:
Ғалым
Алма Қыраубаева

Фото өңдеуде AI құралдарының көмегі қолданылды

*Журнал мұқабасына идея ұсынып, басылымның жарық көруіне шынайы қолдау білдірген А.Қыраубаеваның ұлттық мектебі тәжірибесі негізінде жазылған оқу-әдістемелік кешендер авторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Женева БАО гонорар-доценті **Айсұлу Қасымбек** ханымға зор алғысымызды білдіреміз*

САРАСӨЗ.
ҮНСІЗ ҚАЛҒАН ОЙДЫҢ ҮНІ

Бүгін біз бір сұрақтың көлеңкесінде тұрмыз: журнал оқитын заман қалды ма?

Иә, бұл сұрақ жиі қойылады. Тіпті кейде сеніммен емес, күмәнмен айтылады. «Қазір бәрі қысқа формат, бәрі тез ақпарат, ешкім ұзақ мәтін оқымайды» деген пікірлер көбейді.

Бірақ дәл осы жерде тоқтау керек.

Егер журнал дәуірі аяқталған болса, онда неге әлемнің дамыған елдері әдеби, мәдени, аналитикалық журналдарын тоқтатпай, керісінше, жаңартып шығарып отыр?

Неге The New Yorker әлі күнге дейін терең эсселер мен көркем мәтіндерді жариялайды?

Неге The Atlantic қоғамдық ойдың күрделі сұрақтарын журнал форматында талдайды? Неге Le Monde diplomatique әлемдік саясат пен мәдениетті ұзақ, байыпты мәтін арқылы түсіндіреді?

Себебі бір шындық бар: жылдам ақпарат ой қалыптастырмайды. Ойды тереңдік қалыптастырады.

Журнал — ақпарат құралы емес. Журнал — ойлау кеңістігі.

Бүгінгі цифрлық дәуірде адам ақпараттан шаршады, бірақ мән іздеуден бас тартқан жоқ. Керісінше, мағынаға деген сұраныс артты.

“Сарасөз” осы қажеттіліктен туды.

Бұл журнал — жай мәтіндер жиынтығы емес.
Бұл — сұрақ қою алаңы.
Бұл — үнсіз қалған ойдың үні.
Бұл — ұлттың ішкі диалогы.

Біз бұл жерде кітапты – жады ретінде, әдебиетті – таным ретінде, өнерді – қоғам айнасы ретінде, ал адамды – мән іздеуші ретінде қарастырамыз.

Бізге тездік емес, тазалық керек.
Бізге көп сөз емес, мәнді сөз керек.
Бізге ақпарат емес, сана керек.

Сондықтан «Сарасөз» — өткеннің сарқыншағы емес. Бұл — болашақтың қажеттілігі.

Егер қоғам ойлануды тоқтатса — ол жоғалады.

Ал ойлану үшін әлі де сөз керек.
«Сарасөз» керек.

АЛМА ӘПКЕ

немесе өршіл ғұмыр өнегесі

(Алма Қыраубайқызы жайында сыр)



Оңтүстікте әпке аталатын әдемі ұғым бар. Қазір әдеби айналымға іргесі кеңейіп, жалпықазақтық ұғымға айнала бастады. Шүмейтіп «әпше» дейтінімізді қайтерсің?! Қазақтың әр сөзінің әрін келтіріп, абыройын асырып, қолданыс аясын кеңейте бергенге не жетсін. Түп-тамыры «Апа-еке...» ден тамыр тартатын «Әпке» классик-жазушымыз Дулат Исабековтің «Әпке» пьесасы мен ол бойынша қойылған спектакльден соң құнарланып, қабылдану аясы мейлінше кеңи түскендей. Халықтың осы бір әдемі ұғымын қазақтың бір аяулы қызы рухына жасар рухани дұғама тақырып һәм қазық еткім келіп отырғаны. Ол – қазақтың бір ғажайып қызы – Алма Қыраубайқызы...

Алманың әкесі Мүтәліп Қыраубайұлы оңтүстік, Сыр өңіріне недәуір танылған халық ақыны.

Сырдың қызы - Алма жастай жырдың қызы болып өседі. Дарынды қыз бала ауылда - мақтаныш. Мектепте - мақтаныш. Домбыра тартады. Ән салады. Өлең, әңгіме жазады. Болсаң - Мүтәліпқызындай бол!- атанып, жастай ауызға ілігеді.

Мектепте оқып жүрген кезінің өзінде ол жөнінде аудандық, облыстық, тіпті республикалық баспасөз бетінде үлкенді-кішілі материалдар басылады. Өзінің төлтума әңгімелері «Қазақстан әйелдері» жорналында әлденеше дүркін басылып, Алма жоғары оқу орнына дейін-ақ тәп-тәуір танылып үлгереді.

Орта бойлы, сәл етженділеу қараторы әдеміше қызбала Қазақ ұлттық университетіне осылай таныла келіп, талабы жанып, оқуға түсті. Бұл – 1970 жыл. Ол түскен орта қазақтың шын мәнінде дарынды ұл – қыздарынан бас құраған әдемі курс болатын. Ол - Сағат Әшімбаев, Нұрлан Оразалин, Үміт Тоқмағамбетова, Фаузия Оразбаева, Әділбек Тауасаров, Шәрбану Бейсенова, Алдан Смайыл, Әшірбек Көпішев, Сайлаубек Жұмабеков секілді дарынды жастар ортасы! Алғашқы жылдың өзінде бірінің өлеңі, бірінің әңгіме, новелласы, тағы бірінің сын мақаласы жарық көре бастады. Алма Қыраубаеваның новелла дерлік әңгімелері!

Жақсыны неге жақсы демеске?! Тұтас курс ұстаздар махаббатына бөленді. Университет жанынан ілгеріде профессор Бейсембай Кенжебайұлы ұйымдастырған, Т.Нұртазин, З.Қабдол, С.Садырбаев әр жылдары жалғаған, көзі кеткен соң М.Әуезов атын алған әдеби бірлестікті де осы курс қолына алды. Сағат Әшімбаев басқарды. Бірі қауырсын қанат шығармасын ортаға салады. Қалғаны жабыла талдайды. Бәрі де жақсы келе жатты. Тек бір жағдай болмаса?! Ол жағдай Алмаға қатысты. Әңгіме жазып, жап-жақсы көрініп келе жатқан Алмаға бағытын өзгертуге тура келді. Бәріне себепкер - профессор Бейсембай Кенжебайұлы!

Алманың жақсы сабақ үлгерімі, зерделілігі, табиғи тәрбиесі туа ұстаз, табанды ғалым ықыласын аударды. Кафедраға шақырып алып бірсыпыра әңгімелесті. Ақыры кесімді сөзін айтты.

- Қызым, түріктанушы боласың.

- Жазушы болғым келеді, ағай!

- Жазушы көп, түріктанушы жоқ. Көптің санын көбейткенше, жоқты жасайық, қарағым.

«Қазақ әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі, қарт профессордың түркология жайындағы жалынып та, қазылып та сөйлеген сөзінен әкелік мейір, шын ұстаздық бейіл аңғарды. Ең бастысы - ұлт әдебиетінің тағдыры, ұлт әдебиетінің алтын тамыры жайлы әңгімесі көкейінен кетпеді. Келісті ақыры! Шәкірт шешіміне ұстаз қуанды. Мұхтар, Мырзатай, Қабиболла қатарына тағы бір табанды түріктанушы қосатынына қуанды. «Ескі» атап, естен шығарғысы келіп жүрген көне дәуірлерге саяхатымыз сәтті болар иншалла-деді іштей. Сөйтті де аузынан ана сүтінің дәмі жаңа кеткен уыз шәкірт – студент жасқа Мұхамед Хорезмидің «Мұхаббат наме» дастанын тақырып етіп ұсынды.

Алма Қыраубайқызының текті түркологияға бетбұрысы осылай басталып еді...

Шәкірт ізденісін бастады. Бағыт бере отырып, шәкірт алымдылығына ұстаз сүйінді. Әңгіме арасында соңынан іздеп сонау Қызылордадан әкесінің келгенін айтты. Ұстаз ойына кенет әлдене түскендей:

Әкеңнің ертең түсте біздің үйде қонақ болуға уақыты қалай екен? Біліп, айтарсыңдегені.

- Жо, жоқ, ағай... Әуре болмаңыздар, ертең ауылға қайтады-деді асып-сасып, шәкірт.

- Жоқ, қарағым олай етпе! Ертең түсте ол кісіні біздің үйге ертіп алып кел. Анаңның шәйін бірге ішелік. Солай еткін! Күлән, сен де бірге бол. Қонақты екеулеп әкеліңдер-деді сосын кафедрадағы көмекшісі лаборантқа қарап. Қызбала қысылмасын дегені.

Ертеңіне шойқара Мүтәліп профессор дастарханынан имене дәм татып отырды. Профессор өзінің жетімсіз балалық шағынан әңгіме шертті. «Апыр-ау, менің өміріме ұқсас өрімдер ғой мынау» деп қонақ отыр. Қонақ ашылсын, қысылмасын деп оқымысты ауыл өміріне жақын әңгіме айтады. Ақыры, қонақ қарт профессордың қолқалауымен терме айтып берді. Мандайынан шып-шып шыққан терді алақандай орамалымен сүртіп-сүртіп қояды. Қарапайым да, қадірлі адамның ықыласын көрген әке ағынан жарылды:

«Алма нағашылары еркелетіп өсірген ырымалды перзентім. Сіздің жақсылығыңызды ауылға айта келген. Сыбаға әкелуім керек еді. Шынын айтқанда, бата алмадық. Өмір болса көреміз. Ал, мына қызымның бойынан талап көріп, тәрбиелеймін десеңіз, ниетіңізге жетіңіз! Бүгіннен бастап Сіздің қызыңыз!»

- Меңжамал қызды болдың!

-Онсыз да біздің қызымыз, Алма! Ана Мұхтар, Рымғалилар осы үйдің баласы. Алма, сен де қысылмай келіп жүр, айналайын!

Аналық мейір қай тілде де ақжарқын ғой. Татар мақамымен айтылған аналық мейір сөз қонақтардың көңіліне нұр шуақ құйып жатты.

Қарт профессор сол күні кітапханасынан Самойлович бастырған «Мұхаббатнамеге» бастатып, көне түркологияға қатысты қимас кітаптарынан «енші» бөліп берді... «Қайтарымы - жақсы кандидаттық диссертация!»-деді нығырлап тұрып.

Шынайы ұстаз профессор Бейсембай Кенжебайұлы үшін талантты шәкірт тапқан күн - мереке! Профессордың аталық мейірі шәкіртті онан сайын қанаттандыра түсті.

Студент партасынан-ақ Алманың алғашқы мақалалары төбе көрсете бастады. Шәкірт ізденісі жандана түсті. Ұстаз үміті жалдана түсті. Әбіш пен Қадырдың алғашқы ақындық алымды қадамдарына сүйсінген, Мырзатайына диссертация қорғатып, көңілін демдеген, ендігі кезек Мұхтар мен Қабиболланікі деп қуанып жүрген ол тағы бір үкілі үмітім деп білді Алманы! Университеттің қарапайым тілі «Қазақ университеті» газетінің 1969 жылғы 13 маусым күнгі 16 санында «Ат тұяғын тай басар» деген тақырыпта сөйлеп, ойын былай өрбітіпті жарықтық: «Ертедегі жазба әдебиеттерді зерттеуде көптеген ғалымдар арасында біржақты пікірлер туып келген болатын. Мұны зерттеуде көп кедергілер бола беретін. Әйтсе де, жас ғалым М.Жолдасбеков бұл салада жемісті еңбек етіп жүр. Ол жуырда ғана Орхон-Енисей жазбаларының қазақ әдебиетіне қатыстылығы жөнінде кандидаттық диссертация қорғады. Сонымен қатар М.Мағауиннің (XIY-XYI ғасыр), Қ.Сыдиықовтың (XYII-XYIII ғасыр) әдебиеті жайлы зерттеулері - сөз жоқ, аса құнды дүниелер. Сөйтіп, әдебиетіміздің тарихын сонау Орхон дәуірінен бастауға мүмкіндік туды. Осының нәтижесінде қазақ әдебиетін арнаулы курстарға бөліп оқытуға жағдай туып отыр.

Жоғарыда аталған ғалымдарымыздың бәрі дерлік осы өз факультетіміздің түлектері. Әрбір ұстаз лекция оқып қана қоймай, олар өз шәкірттерінің сапалы білім алуына, олардың бойындағы ғылымға деген құштарлықты оятып, оған қамқоршы бола білуі керек. Олай болса, ғылымға икемі, қабілеті бар жастарды біз алғашқы курстан бастап-ақ қамқорлыққа алып, ақыл-кеңестер беріп отырамыз. Студенттердің жыл сайынғы ғылыми конференцияларында баяндамалар береміз. Әйтеуір, қайткен күнде де ондай адамдарды жоғалтпауға, қайткен күнде де ондай адамдарды өсіріп шығаруға тырысамыз. Өйткені біздің болашағымыздың өзі осы жастар емес пе?! Факультетімізде келешегінен үлкен үміт күттіретін жастар аз емес. Солардың ішінде мен әсіресе Алма Қыраубаеваны атар едім» -деді ол!

Міне, шәкіртін өз перзентіндей көріп, оның әрбір адым-алымын үлкен жетістікке балап, ақжарылып қуана білген шынайы ұстаз, фидайы ғалым болмысы! Ал, бар ғұмырын ұлттың әдебиеті тарихын тереңдетуге аямай жұмсап келе жатқан ұлы ұстаз-ғалымды ғылымдағы алғашқы аяқ алысымен қуандыра білген тегеуріні мықты талантты шәкіртті айтсайшы, шіркін!

Сөйтіп, Бейсембай Кенжебайұлы Алма

Қыраубаева бойындағы дарын қабілетті студент партасынан бастап танып, оны үкілей ұштап, ұлт әдебиеті үшін аса зәру тың арнаға дер кезінде бағыттай білді.

1970 жылы мақтаулы курс оқуын тәмамдады. Даңқпен келіп, бірсыпырасы даңқты бітірді жоғары оқу орнын. Ұстаздар үміті алдамапты. Бұл топтан таланттылар көп шықты. Соның бірі – Алма Қыраубайқызы!

Алманы «Қазақ әдебиеті» кафедрасына қызметке қалдырғысы келді Бейсекеңнің.

- Бір орын беріңіздер, Қыраубаеваны кафедраға алып қалайық.

- Орын жоқ. Болмайды, Бейсеке!

- Аспирантураға бір орын.

-Атамаңыз. Былтыр әдебиетке бергенбіз бір орын. Биыл кезек тілдікі!

- Талантты бала еді. Енді қайттік?

- Өндіріске барсын. Ештеңесі кетпейді. Пісіп, жетіліп оралады.

- Қыз бала. Біреудің етегінен ұстаса кете барады да, ғылымға қайтып оралмайды ғой... Қап әттең-ай?

Қарт прфессор қара аспанды суға алдырып сөйлеп жатқанда арғы беттегі кісі телефон тұтқасын орнына қоя салды. «Гук...гук...гук...»

Қарт профессор қатты шамырқанды.

Отыра қалып университет ректоры Өмірбек Жолдасбеков атына өтініш хат жазды.

«Университет ректоры,
профессор Ө.А.Жолдасбековке
Құрметті Өмірбек!

«Қазақ әдебиеті» кафедрасын ұзақ жыл басқарып келемін. Сенімдеріңізге тек рахмет айтамын. Бірақ, болашақ - жастардікі. Оларды біртіндеп ғылымға тарта баулып, дәстүрлі түрде жетілдіріп, қатарға қосып отырмасақ болмайды.

Біздеежелгіәдебиетаталатынқиындықпен оқу программасына қосымша сағатпен күштеумен енген пән жүреді. Биылғы оқу жылында Тіл, әдебиет мамандығын үздік бітірген Қыраубаева Алманы кафедраға алып қалсақ деген едік, оған мүмкіндік жоқ екенін айтып отырсыздар. Сағат жоғын мен де сезем. Әрі ойлап-бері ойлап бір шешімге бекінгендеймін. Мен жасым келген кісімін. Мүмкіндігінше, мені не жарты ставкаға ауыстырыңыздар, тіпті пенсияға шығарсаңыздар да қарсылығым жоқ. Қалай дегенде де, сөйтіп менің сағатыммен Қыраубаева Алманы «Қазақ әдебиеті» кафедрасына алып қалыңыздар.

Қыраубаева Алманың сенімдеріңізді ақтайтынына еш шүбәм жоқ.

Сізге деген құрметпен проф. Б.К.Кенжебаев» деді тілдей хатта.

Екі көзі от шашқан арыстан кеуделі ректор профессордың жүзіне үңіліп қарады, сынай қарады. «Шыны ма, өтірік көлгірсуі ме?»

«Алдына кім келмейді?! Бірақ, мұндай ұсыныспен келіп отырған бірінші профессор! Шынымен, университеттен біржолата кетпекке бекінгені ме? Өз мерейін, мансабын ойлаудың орнына, шәкіртін алға тартып. Абыройлы кісі. Ұлы Мұхтар Әуезов айнымас дос тұтқан, ерекше ықыласты болған десетін еді. Арлы басын қадірлегені-ау, шамасы. Рас болғаны ғой. Текті кісі екен ғой Бейсекең. Шәкірті үшін әрбір профессор осылай шырылдаса ғой, шіркін!?»

- Көке, -деді сосын,

- Көке, әңгіме жоқ, Сіздің шәкіртіңізге бір орын табармыз. Ал, өзіңіз кетемін дегенді, айта көрмеңіз. Керек болса мына мен де Сізге арқа сүйеп жаңа қызметке келіп отырған жоқпын ба!?

- Ондай болса, рахмет Өмірбек. Ал, жаңа келіп жатсың қызметке. Сенің де досың, дұшпаның бар. Сөз келетін болса, мен бүгін кетуге дайынмын, қарағым.

- Жо, жоқ, көке, сөз келмейді. Жігіттерге тапсырамын. Бәрі де орындалады. Қызметіңізді атқара беріңіз! «Қазақ әдебиеті» кафедрасын уақытша меңгерушілік етіп жүрген Тұрсынбек Кәкішұлын шақырды.

Ректор мән-жайды айтып сөйлеп отыр. «Бейсекең кетемін,-дейді. Оған көнсек ұяты бізге келмей ме, Тұрсеке?! Бір курсты екіге бөлуге болады ма?» «Бір группаның өзін екіге бөлсек ше? Сонда Бейсекең шәкіртіне жүктеме шыға келмей ме?» «Солай етіңіздер!»

Алма Қыраубайқызының ұлттық университеттегі өмір жолы осылай сабақталып еді...

Профессор дәріс оқиды. Ассистент практикалық сабақ жүргізеді. Уақытын ғылымға молдау бөлсін деп келер жылы ұстаз шәкіртін аспирантураға ауыстырды.

Ұмытпасам 1973 жылы « Қазақтың XX ғасыр басындағы демократ жазушылары» аталатын курстан лекция оқитын профессор Бейсембай Кенжебайұлы сырқаттанып қалды да емтиханды біздің курс студенттерінен екі аспиранты Арап Еспенбетов пен Алма Қыраубаева қабылдайтын болды. Екі топ. Бірінен Арап қабылдайды, келесісінен Алма... Студент үшін баға үлкен мәселе! Бағаның арғы жағында шәкіртақы жасырынып тұрады. Баға мәселесінде Арап дарқандау да, Алма қатаңдау...

Менің де «Бейсекеңнің шәкірті» атанып, мақалаларыммен көрініп қалған кезім. Бейсекеңнің үйінен түстік ішемін... Шамасы, дандайсу пайда болған. Бәлкім, емтиханды Бейсекеңнің өзі алады деп қалдым ба?!.. Әйтеуір дайындығым шамалы. Оны өзім де білемін. Оның үстіне ауыр курс. Алма апай әрі сұрады, бері сұрады. Қосымша сұрақ беріп жетелеп көрді. Жауабым көңілдегідей болмады. «Бестік» алармын деген басым «үштікті» төңіректеп жүрмін. Әңгімеге Арап араласты. «Төрттік» деген баға алып басым салбырап шықтым... Басым салбырап шығып бара жатып, естігенім «Ағайдың балалары жақсы оқуымыз керек» деген сөз болды.

Әдебиет әлеміндегі Алма Қыраубаеваны алғаш жақын тануым осы жолы.

Араға бір-ер жыл салып Алма кандидаттық диссертация қорғады.

Бейсембай Кежебайұлының ол күнгі қуанышын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Перзентті болғаннан әрмен қуанды. Күні бойғы әңгімесі көне әдебиет және Алма болды. «Тақырыбы қиын еді. Табандылығымен алып шықты»,- деп қояды жарықтық, шәкірті диссертация қорғайтын күні кірпі етіп қиған шашын қолымен сипап-сипап жіберіп.

Кейін ойласам, ақсақалдың



қуанатынындай бар екен. Бұған дейін М.Жолдасбеков, М.Мағауин, Қ.Сыдықовты қорғатып, ерте дәуір әдебиетін құлаққа сіңіріп үлгерген ол, Қыраубаева диссертациясымен дұшпандарын біржолата тұқырта жеңген екен. «Алтын орда дәуірінің әдебиеті» аталатын тың тақырыптың игерілуі - Бейсембай Кенжебайұлының қазақ әдебиеті тарихын түріктану арнасына зерттеудің тиянақты, тыңғылықты жүзеге асуы, жансебіл ғалым тарихи мектебінің толық қалыптасуының айқын көрінісі болып шықты.

Десе дегендей, Алма Қыраубаева еңбегі қазақ әдебиеттану ғылымы үшін ғана емес, жалпы түріктану ілімі үшін жаңалықты дүние. Қуанса қуанатындай бар. Түркологиялық орталықтан алыста бір шалғайда жатып, қазақ әдебиеті тарихын ортақ арналарға қарай қаншама керілген кермеге қарамай, табанды сүйреп келе жатқан әріптесі – Бейсембай Кежебаевич әрекетінен бірдеңе шығатынына мәскеулік достары да сене бастады. Әсіресе, көз көрген достары – С.Е.Малов пен Әмір Нәжіп.

«Алтын орда» дәуірі әдебиетін А.Қыраубаева талмай зерттеп, талай зерттеулер жазды. Жан – жақты зерттеп, кең таныпты, кемел еңбек берді. Өзі «Алтын орда» дәуірі әдебиетінің бірден-бір білімді, талантты зерттеушісі ретінде мойындалды. «Ғасырлар мұрасы» (Мектеп 1988) атап, толымды еңбек берді. Оны «Бұл еңбегімді кеңесші аға, кемел ұстазым болған профессор Бейсембай Кенжебаевтың жадымда мәңгі сақталатын жарқын бейнесіне арнаймын! Автор» - деп көне әдебиет көшбасшысы, ұлы ұстазы – Бейсембай Кенжебайұлы рухына бағыштады: «ХШ – ХІҮ ғасыр ескерткіштері түпкі бастаулары тереңде жатқан қазақ әдебиетіндегі ежелгі дәуірлердің бір арналы бұлағы. Оны алғаш Бейсембай Кенжебайұлы «Алтын Орда дәуіріндегі түрік әдебиеті» деп атап, бұл бір дәуір әдебиетінің түбегейлі зерттелуі керек екендігін қазақ әдебиеттану ғылымының алдына проблема етіп қойып берген еді» (Аталмыш еңбек, 3 бет) деп адалын айтып, ұстаз рухы алдында басын иіп, тағзым етті.

Расында да А.Қыраубайқызының бұл еңбегі тыңға салған түрен дерлік, зерттеусіз жатқан тұтас бір дәуірді алдымен «Қисса сүл әнбия» мен «Мұхаббат наме» секілді екі ескерткіш арқылы тарихи талдау жасап, ғылыми айналымға айналдырған, кейін келе тұтастыра зерттеп арналандыра түскен, ғылымға қосылған үлкен үлес дерлік ғылыми маңызды еңбек болатын. Көз жұмарының алдында аталған еңбегін қайта қарап, тың әдеби ескерткіштермен толықтыра отырып «Алтын Орда» дәуірінің әдебиеті» аталатын толымды ғылыми еңбек аяқтаған. Ұмытпасам, көлемді үзіндісі «Егемен Қазақстан» газетінде «Алтын Орда» дәуірінің әдебиеті» деген атпен жарық көрді. Ал, тұтас ғылыми еңбектің кейінгі тағдырынан хабарсызбын.

Алмадай шәкіртіне дисссертация қорғату жолында Бейсекеңнің С.Е.Малов, Ә.Нәжіп секілді сыйлас Мәскеулік ғалымдарды тілектестікпен қолдауға шақыра жанұшырғанын жазысқан хаттарынан, өзінің айтуынан кейін білдім. Қалай айтқанда да «Алтын Орда» дәуірінің әдебиеті» - Алма Қыраубайқызындай шынайы ғалымның басты еңбегі болып қала бермек. Еңбектің толымды нұсқасы ұрпақтары қолында болса толық күйінде қайта бастырса нұр үстіне нұр. Қолжазбасы табылса қолқабыс жасар едік.

Оқу бітіріп біз жайымызға кеттік. Алма апаймен қайта жүздесуіміз тағы да Бейсекеңнің айналасында.

Біз бала болып Бейсекең қолына кірдік. Алма, Арап, Зинол, Жанғара, Жақа, Зина, Кеңес, Катя...дегендей жастар қарияны қаумалады. Бейсекең тәлімін алсын деп біз оларға есікті еркін ашып қойдық. Мұхтар, Рымғали сынды төл шәкірттері өз алдына, Жарасхан мен Шөмішбай шалдың көңілін сұрай келіп, шарап ішіп еркелеп аттанады...

Алма апай бір күні үйге дәу қара шалды ерте келді. Бала көзбен қараппыз. Әйтпесе елудің ішіндегі кісі болса керек. Алма апайдың әкесі! Мүтәліп Қыраубаев! Көңілді кісі. Халық ақыны. Домбырамен толғады. Әңгіме айтты. Қарық қылды. Елден келген кісі. Қазақша сұрасты. Менің ағам болып шықты. Қыз

алысып, қыз беріспейтін жақын ағайын. Әу бастағы келісі – қызына кандидаттық диссертация қорғатқаны, тәрбиелегені үшін алғыс айту секілді. Мүтәліп қария сөзінің әуені - «Әуел баста Құдай алдында сұраусыз – Сіздің қызыңыз дегем. Сол сөзім – сөз! Қыз – Сіздікі, мен әншейін ағасы ретінде қолыңызды алып, алғыс айтып шығайын дегенім ғой...»

Алма апай Бейсекеңнің халін білуге кемі аптасына бір рет келіп кетеді. Әйел адам. Балалы-шағалы. Дұшпаныңа тілемейтін, мінезі біртүрлілеу ері бар. Өлең жазады. Өлең дұрыс қонбаса кісіні қияли етіп жібереді деуші еді. Сол рас болмағай деп ойлап қоямын Алма апайдың елірме мінез еріне қарап. Адамға Алла-тағала бар бақытты бірдей бере бермейді екен-ау деймін тағы да іштей. Аттылы кісі дерлік аяулы Алманың күйеуі жаяудан әрман. Тіпті қай жағынан да. От басында толып жатқан осындай қиындықтары бар Алма апай әкесіндей болған ұстаздың халін білуге аптасына уақыт тауып жатады. Адалдығы. Шынында Алма – боямасы жоқ, болмысы таза шынайы жан еді. Баян екеуміз Алма апайдың үйіне сирек те болса барып тұрамыз. Апайдың көңіліне қараймыз. Үйді ұқсата ұстап отырған - Алма. Әйтпесе, күйеуі – құдай аманат жан! Сөйтіп жүріп ҚазМУ-да сабақ береді. Сөйтіп жүріп үш қарғасына қарайды. Сөйтіп жүріп ғылым жасайды. Сөйтіп жүріп қазақ қыздарын ұлттық дәстүрде тәрбиелейтін тұрпаты – ұлттық, болмысы бөлек мектеп пе, лицей ме, әйтеуір бір кіші оқу орнын ашты.

Сөйтіп жүріп көгілдір экраннан ән салады тамылжытып. Жамбылдың жыраулық әуенін «Жамбыл сазы» атап кітап жазып теориялық тұрғыдан дәйектеп, өзі домбырада орындап тірілтетінін қайтерсің?! Абысын-ажындарының атын атап, түсін түстеп «Жамбылдың келіндері» атап толқыған ой, төгілген тілді очерк кітабын жазып аяқтады. Абысындары туралы келін толғамы. Қандай тәлімді! Не айтса ұлттық дәстүрден туындата айтады. Не нәрсе жазса – ұлттық болмыстан туындатып тамылжытып тамаша жазады.Табанды табиғат, мақсатты адам. Әйел басымен осындай ерге бергісіз ірі істердің басы-қасында жүреді. Басы-қасында жүреді емес-ау, зіл-батпан міндетті мойнына артып бір өзі арқалайды. Туған елі үшін тау көтерген Толағай қыз...

Арманы асқақ еді Алма апайдың.

Кейде көзіне жас ала ойға алған арман-дарын айтып отыратын. Арман жеткен жерге ғұмыр жетпесін білді ме?! Кейде өзі бастаған істері алға жүрмей, көзіне дүние шер болып байланған пенделер жүргізбей қиын қылғанда дықарт болып жасып отыратын. Жасындай жарқылдап ғұмыр кешуге тиісті үлкен ойлы, жұпар жүректі әзиз жанның жасып отырғанын көргенде бірге жасып қалушы едік.

Өнерлі, ойлы жанның бар арман-мұратын тізбелеп отыру орынды бола қоймас. Арман тұтып, алға межелеп қойып жүзеге асырған, асыра бастаған істерін атап-атап өтсек те аз болмас бізге. Тұрмыс ауыртпалығымен тайталаса жүріп тындырған ісінің салмағы қандай Алма апайдың?

Ұстазы ұсынған тақырып дарынды шәкірт үшін ауыр бейнет болумен бірге абыроймен атқарған міндет те болып шықты ақыр көгентүпте. Алма тақырыпты арналандыра еңбек етті. «Ғасырлар мұрасы» монографиясы, «Ежелгі әдебиет» оқулығы, ақын Төрегелді Тұяқбаевпен мойынсерікте тәржімалаған «Махаббат наме» - Алма Қырайбайқызының түріктану саласындағы тындырымды ұзақ жасайтын баянды еңбектері. Н.И.Конрадтың шығыстанушы арабист Крачковский туралы айтатын әдемі бағалауы бар. Шығыстанушы болу - әм тілші, әм әдебиетші, әм тарихшы болуды қажет етеді деген. Алма апай өзінің жоғарыда аталған еңбектерінде шығыстанушыға қажетті әлгі қасиеттерді тал бойына табиғи жинақтаған ірі ғалым! Алманың бұл саладағы еңбектерін М.Жолдасбековтің, М.Мағауиннің қадіріне жете бағалағанын білеміз. Тақырыптас адамдар – тағдырлас адамдар. Олардың арасында бірінің еңбегін екіншісінің қадіріне жете бағалауы да, бағасын біле тұра қызғанып әділ сөзін айтпаушылық та кездеседі. Бейсекең шәкірттері бір үйдің үйелмен-сүйелмендері секілді ғой. Аты аталған ғалымдардың өзара ынтымағына сүйсінеміз. Әрқайсысының еңбегін дербес бағалап мерейленеміз.Бір өкініші – соңғы жылдары алғаш Бейсекең бағыттаған, шәкірттері тындырымды іс тындырған ежелгі әдебиетке қазіргі жастар зерттеуге бармайтын, аяқ баспайтын болды. Өкінішті.

Он алты ақынның айтысын көлемді алғысөзбен кітап етіп бастырған Алма апай «Хисса-дастандар» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Түрлі себеппен кешіктіріп қорғағаны болмаса сәтті ғылыми еңбек жасады.

Алма апай өмірінің соңғы кездерінде Түрік қағанаты тарихынан жекелеген әңгімелер жазып, жариялай бастаған еді. Түрік халықтарына ортақ ежелгі әдебиетті зерттегеннің бір пайдасы! Тарихты деректі баяндап әңгіме жазу – орыс әдебиетінде С.П.Алексеевтің тынбай атқарған, бар өмірін бағыштаған сүйікті ісі. Бұрын азаматтық тарихымызда айтылмай келген, айттырмай, ұмыттырып жібере жаздаған қымбат тақырыпта балалар психологиясын ескеріп, олардың қабылдау мүмкіндігіне орайластырып деректі әңгіме дерлік дәйекті дүниелер жазу – Алма апайдың ғалымдығымен бірге шынайы ұстаздығынан да туындап жатқан міндет болатын. (Алмадай курстасының деректі әңгімелерін әдемі кітап етіп шығарып берген Әшірбек Көпішевке өз басым ризашылығымды айта-айта отырамын.) Ол шынайы ұстаз болатын.

Жан Жак Руссоның «Ұстаздық ету – уақыт ұту емес, өз уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау» (З.Қабдол қазақшалауы) де-

ген ұлағатын Алма Мүтәліпқызына арнайы айтсаң әбден жарасатын еді. Шәкірттері жанына жақын жүретін. Шәкірттері сенісіп әңгімесін айтып, ашық сырласар еді Алма апаймен. Тіпті тұлымшағы желбіреген қыздар, бұрымды бойжеткендер мен бозбалалар Анасындай көрер еді Алма апайды. Алма апай да шәкірттерін бауырынан тараған баласынан кем көрмес еді. Олардың көңіл-күй құбылыстарын бақылап күнделіктерін жүргізетін. Ақыл-кеңесін аямай сырласа отырып жүректеріне нұр құйып беретін. Тұрмыста бақытты бола алмаған мұңдық ұстаз шәкірт-қыздарының бақытты болуын бар жан-тәнімен тілеуші еді ана-бейіл Алма! Кісі «Жаным садаға!»-деп зарығып көрген, Қорасанға қой айтып жүріп, мойынына моншақ тілеп Құдайдан сұрап алған туған баласына ғана айтар болар. Шәкірттерінің бақытын аялаумен өткен Алма ұстаз олардың өмірінен алынған түрлі штрих, детальдерді пайдалана отырып жазған публицистикалық кітабын «Жаным садаға!» атап еді-ау! «Жаным садаға»... Алманың осылай аталатын еңбегі қазақ тәрбие мектебінде сирек кездесер тәлім-тәрбиелік өнегесі бойында тұнып тұрған аса қызғылықты, аса бір тағылымды этнопедагогикалық публицистикалық еңбек. Бірде төрімізде отырып мұңданды: «Ұстаз болып сабақ берген соң балалар білімді, бақытты болса деген оймен барыңды бересің. Кейде олар ақыл сұрап алаңдайды. Тапқаныңды айтасың. Кейде ойлаймын: «Осы мен балаларға кітаби тәрбие беріп жүргенім жоқ па? Мен айтар ақыл-кеңес мына құбылған заманаға жарар ма? Адал тәрбиеленгендіктен олар мына теңгенің сылдырына ден қойған зырылдақ қоғам үдерісіне ілесе алмай қалып қойып жүрмей ме?-деп пұшайман боламын»

Көрдіңіз бе, шәкірттері тағдырына қалай алаңдайды, Алма апайдың?! Кейде «ағылшын мектебінде тәрбие жолы былай», «француз мектебінде дәріс ыңғайы мынадай»-деп әлемдік алғы мектептер тәжірибесін әңгімелеп отырушы еді. Оқығаны-тоқығаны бар, өз тәжірибесінен түйгені бар, соларды жүзеге асырмақ болып Қаскелеңнен жер алып, қыздар ұлттық лицейін ашты. Жұмысы жүріп кеп берді. Балалар ықыласты. Балалармен бірге олардың ата-анасы ықыласты. Бұрын ашылған, әбден қалыптасқан мектептер жабылып қалып жатқанда жаңа мектептің – жаңа типті мектептің аяғынан тұрып, жұмыс істеп кетуі екіталай уақыттар келді дүниені аударып-төңкеріп. Бір-ер рет Сара Алпысқызы жәрдем етті. Сатимпаздық әрекет, пайдакүнемдік психология иектеді әкім-қараларды. Ақыры Алма апай ашқан ұлттық моделді мектеп жабылып тынды. Үйін еріне қалдырып, балаларын жетектеп шығып кетіп, пәтер жалдап күн кешкенде қабағын мұң шалмаған, ренішке бой алдырмаған Алма апай мектебі жабылғанда күйіп кетті. Кісісі өлгендей күйіккешті тіршілік кешті...

Алма апай 1997 жылы болар, елу жасқа толды. Алматыда «Ғалымдар үйінде» әдемі кездесу болды. Үй ханшайымы Ғайнекен Бибатырова туған апасына айналып, бауырмалдықпен қызмет етті Алма апай тойына. Төрде Тұрсекең – профессор Тұрсынбек Кәкішұлы отырды. Кешті мен жүргіздім. Шәкірттері Алма апайдың құрметіне көгершін ұшырды. Ақшамда той «Пионерлер үйінде» жалғасты. Тойды Өмірхан Әбдіманов жалғай жетеледі. Тойға анасы қатысты. Курстастары бір үйдің баласындай үйіріліп отырды, иіріліп биледі. Ой, бір тамаша той болып еді. «Бір тойым болары сөзсіз менің...» Қыршын Төлеген ғой. Алманың да бір тойы өтті солай!

Ш.Ыбыраев үшеуміз мектепке арнап оқулық жазбақ едік. Тұрымтай тұсымен, біз Түркістанға көшіп кеттік. Шәкір – Түркиеге! Сол ой аяқсыз қалды.

Алма апайды 2000 жылы Түркістанда ашылған Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетіне оқу бітірушілердің емтихан төрағалығына шақырдық. 12-мамыр күні келді. Алақанға салып аялай күттік. Түркістан жерінде Алма апай сол жолы көп шәкірт тапты. Кісіні табиғи баурап ала жөнелетін кішіпейіл, білімдар, өнерлі жан еді ғой Алма апай. Аудиторияда дәріс те оқыды, Мәдениет сарайында кездесу-сырласу әнкешін де өткізді Алма апай! Жұрт тәнті. Алма апамыздың өмірге құштар көңіліне дән риза болыстық. Өмірдегі қиындықтарды жеңіп, өмірді құштарлана сүйіп өтіп келеді екен-ау деп ойладым өз басым. Алмадайын ғазиз жүректі асыл адамның текті ұстаным, тебіреністі тіршілік кешуіне соншама қуандым. Бір ай шамасы Түркістанда болып Алма апай Алматыға қайтты.

Әріптес ағасы Мырзекең – Мырзатай Жолдасбеков шақырып, Алма апай жаңа оқу жылынан Еуразия университетіне профессорлық қызметке ауысты. Көп ұзамай сырқатқа ұшырады. Айықпас дерт. Арнайы барып көңілін сұрадым. Әруаққа айналған кейпін көріп жылап хоштастым. Ұлын үйлендірді. Той ына бара алмадым. Ұзамай туған әпкемдей болған аяу-лы жан дүниемен біржолата қоштасты. Сонда ойлаймын-ау, Түркістанға төркіндей келгендей болған екен-ау деп. Сонда ойлаймын, Түркістанға төркіндеуге ғана емес, бой жасауға да келгендей екен-ау деп.

Қазақта әпке деген әдемі ұғым бар.

Аса дарынды әдебиетші ғалым, дарулы әнші Алма Қыраубайқызы туған әпкемдей болған ғазиз жүрек жан еді. «Ақынның тойы тарқамайды...» Кім айтқаны есімде жоқ. Өмірде күрсінісі көптеу ғұмыр кешіп, жастау кеткен Алма апай да тойы тарқамас қазақтың ақынжанды ғалым қызы еді, шіркін!

Мен қазақтың қыздарына қайран қалам!

Құлбек ЕРГӨБЕК,
Академик, ҚР Жазушылар одағы Хатшысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

АПАМНЫҢ ОРАЛУЫ

1990 жылдың жазы еді. Маусымның басы болса керек. Анам, інім және мен Алматы облысы Қаскелең ауданы Жандосов ауылына ерте көктемде көшіп келгенбіз. (Ағам әкеммен Алматыда қалған.) Төрт бөлмелі үй делінгенімен, тағы сәкілі ауызүйі мен қоймабөлмесі бар. Ас ішетін жеріміз – сол ауызүй, сәкінің үстінде – төртбұрышты үстел, газ да, пеш те, телевизор да, сыртқы есік те сол бөлмеде.

Туған екі інісінің үлкені үй ішімен Қызылорда қаласынан Алматының маңайындағы Абай ауылына көшіп келіп жатқан кезі. Анам шешесін: «Қыздың қолында тұрған деген не сұмдық!» – дегеніне қарамай, алдап-сулап жанына алғызып алған.

Сол бір күндері ауламызда байланған қара қандек ит Құтжол ұли берді. Көбіне кешке, кейде күндіз де. Дауысында неткен үрей жатыр еді, бір жамандықтың келе жатқанынан хабар бергендей. Ол ұлыған сайын көкейіме түрлі ой келіп, көкетім дірілдейді.

Расымен де бір жамандық болды. Сол күні де Құтжол түске қарай біраз ұлыды. Түсте анам қатты ауырсынып, қалшылдап, есінен танып қала жаздады, жығылып бара жатқан кезінде шешесі мен тағы біреу (кім екені есімде жоқ) қолтықтап ұстап қалды. Бір уақытта, әйтеуір, дерттің шап берген жойқын қолы босап, есін жиды. Мен не болғанын түсінбедім, ұққаным – өлім ауызынан қайтқаны. Сол сәттен кейін итіміз де ұлымай қалды.

Содан бастап екі-үш күн дәрігерге қаралып жүрді де, бір күні ұйқыдан тұрғанымда түкпірдегі өз бөлмесіне шақырып алды. Жүрек, шіркін, сезгіш қой, мұның өзгеше әңгіме екенін сезіп келем.

– Балам, орындық алып отыр, әңгіме бар, – деді. Анам өз кереуетінде, мен қарсы алдында орындықта отырмын. Әдетінше аспай-саспай сөзін бастады.

– Ауырып жүргенімді көріп жүрсің ғой. Дәрігерлерге қаралып едім, ішімнен ісік шыққан екен. (Кейін білдім, жатырынан.) Оны алдырғаннан басқа амал жоқ дейді. Сондықтан ертең мен пышаққа түсем. Бағланға айтпай-ақ қой. Құдай амандығын берсе, бір аптада оралам. «Жаман айтпай, жақсы жоқ» деген, алда-жалда оралмай қалсам, ініңе бас-көз боп, сабағыңды оқып, осы үйге егелік етіп, осы үйде өмір сүріңдер. Фамилияңды Қыраубаев деп ауыстырайық десе, көнуші болма. Ұқтың ба, балам, көнуші болма. Айтайын дегенім осы еді, болды, бара ғой, тірлігіңді істей бер.

Көзім жасаурап бөлмесінен шығып кеттім. Фамилияма қатысты айтқанының мәнін біліп алуға құлқым да болған жоқ.

Күндер өтіп жатты. 12-ге келген болсам да, қанша айтқанмен баламын ғой, оның үстіне иті, мысығы, жеміс-жидекті жеке бақшасы бар ауыл үйінде қаланың баласына қызық таусыла ма, ара-арасында ойынға айналып, ұмытып кетем. Әйткенмен де, шешемнің келер-келмесі есіме түссе, кеудемді зіл басып, көңілім құлазып сала береді. Шешем келмей қалса, алдағы өмір қандай болады деп қорқамын. Іргеміздегі екі-үш көршіден басқа ешкімді танымайтын бейтаныс ауылда бір үйдің жауапкершілігі 12 жасар баланың мойынында қалса, не болмақ? Үрейім үлкен.

Содан, бақша шаруасы мен ойынға кезек алданып, ол екеуінен бос кезде қайғыланып жүргенде, аман-есен шешем де оралды. Інім екеуіміз алдынан жүгіріп шықтық. Көлік аулаға еніп, ішінен анам шыққан бетте бізді кезек-кезек құшақтап жатыр. Құшағына тығылған басымды жұлып алып, өңіне қарап қоям, көзінде жас. Мен де жылап жібердім. Ол жылауды ұят санайтын кезім ғой, қанша жерден бекем болуға бел бусам да шыдамадым, жылап жібердім. Мәселенің мән-жайына қанық әжем де:

– Аман келдің бе? Бір аунап тұрдың, енді өмірің ұзақ болсын, – деді де, көңілі босағанын білдірмеуге тырысып, сөзін доғара қойды. Анам өз шешесін жеңше дейтін, соған қарағанда шалға ма, кемпірге ме, тән болғанау? Әжем де қыз апасы сықылды ұстайтын өзін, одан бөлек өзі де қатқылдау жан еді.

Содан бәріміз арқа-жарқа болып ас іштік. Сабағымызды, бақшаның жайын сұрап жатыр, мәре-сәреміз. Ол күні Жер бетінде менен асқан бақытты жан болмаған шығар. Асқар тауым да өзі, құрақты көлім де өзі – шешемнен айырылып, жетім қалмағаныма шексіз қуанып отырдым.

Сол оқиғадан кейін мен ана деген ұлы ұғымның махаббатында шек болмайтынын жан-тәніммен ұққандай болдым. Ана жүрегі қандай қиындық көрсе де, қандай тағдыр тауқыметін тартса да, перзентіне қуат пен жігерге толы жылу сыйлайды екен. Оның мейірімі – адасқанға жол, құлағанға тірек, жетімсіреген көңілге үміт. Ана оралған үйге жарық қайта келеді, ана отырған шаңырақка бақыт құсы қайта ұялайды.

Әр жылы анам туған күнінде маған қайта оралып отырады. Ол - анам туралы естеліктер, көзкөргендер лебізі мен оның рухы мәңгі менімен бірге екендігіне деген сенім.

Бұлан ЖАМБЫЛ
Алматы

Yesevi Yolu Yolcusu



Bir Hayalin Gerçeğe Dönüştüğü Yıl: 1994

Yıl 1994… Türkistan benim için sadece bir şehir değildi henüz… Ama içimde tarif edemediğim bir çağrı vardı. Türkiye'den o kutlu diyara giden ilk kırk kişiden biri olarak, hayalim olan tıp fakültesini okumak üzere yola çıktım. Ve adım attığım yer Ahmet Yesevi Üniversitesi oldu. Henüz bağımsızlığının ilk yıllarını yaşayan Kazakistan… zor ama umut dolu zamanlar.

Bir yandan öğrenciydim ama sadece ders çalışan bir öğrenci değil… İçimde başka bir ateş daha vardı: "Bu topraklar için ne yapabilirim?" İşte o günden sonra hayatım iki kanatla yürüdü: biri mesleğim, diğeri hizmet sevdam.

Bir Meslekten Öte, Bir Adanmışlık

Tıp eğitimimi en iyi şekilde tamamlamak için çabalarken bir yandan da o topraklara borcumu düşünüyordum. Çünkü ben orayı sadece bir ülke olarak görmedim… Orası benim için Ata Yurduydu. Ve Ata Yurdu, sadece yaşanacak bir yer değil, hizmet edilecek bir emanetti.

Her anım, her düşüncem, her adımım bir projeye, bir faydaya, bir hizmete dönüşmeliydi. Daha öğrencilik yıllarımda başlayan bu gönüllü hizmet anlayışı zamanla hayatımın merkezine yerleşti. 1994'ten bugüne kadar bir an bile kopmadan gönül bağımı, manevî bağlılığımı ve hizmetlerimi sürdürdüm.

Her zaman şu soruyla yaşadım: "Ben bu topraklar için daha ne yapabilirim?" Bu yolun bir nişanesi olarak 2007 yılında Türkistan tarafından Saygın Vatandaşlık Beratı ve Hizmet Madalyasına layık görüldüm. Ama içlerinden biri var ki diğerlerinin hiçbiriyle kıyaslanamaz: Türkistan'ın Saygın Vatandaşlığı (Kürmetti Azamatlık). Ben onu sadece bir unvan değil, bir aidiyet, bir emanet ve bir şeref olarak taşıyorum.

Bir Kapı Açıldı: Yesevî Yolu

Hoca Ahmed Yesevî'yi tanımak benim için bir bilgi değil, bir uyanıştı. 32 yıl boyunca 1000'i aşkın konferans, televizyon ve radyo programıyla Ahmed Yesevî Ata'yı anlattım. Ama aslında sadece anlatmadım… ben yaşadım.

Türkistan: Bir Coğrafyadan Fazlası

Türkistan sadece bir şehir değil… Yesevî yolunun kalbi. Orada bir ruh vardır ve ben o ruhu tanıdım.

Bir Aidiyetin En Derin Hali

Ben kalbimi çoktan Türkistan'a bıraktım. Misafir değil, yabancı hiç değil… Bir Türkistanlı gibi, Ahmed Yesevî yoluna sevdalı bir gönül olarak…

Mesafeler Kalbe Engel Değildir

Fiziken uzak olabilirim ama kalbim her zaman Türkistan'da atıyor.

Son Söz

Ben bu yolu seçmedim… Bu yol beni çağırdı. Benim aidiyetim bir toprağın ötesinde, bir sevdanın içinde… Ve o sevdanın adı: Yesevî Yolu.

Dr. Fatma Sönmez
Ahmet Yesevi yolu araştırmacısı
Türkistan Saygın Vatandaşı

А. Қыраубаеваның «авторлық мектебі» – ұлттық мектеп моделі

Мақала педагог, филология ғылымдарының докторы А. Қыраубаеваның педагогикалық көзқарастары, педагогикалық еңбектерінің мәні мен маңызы, тәуелсіз Қазақстандағы білім беру ісіне қатысты тың идеялар туралы ой қозғайды. Филология ғылымдарының докторы А. Қыраубаева Алматыдағы әл-Фараби атындағы ұлттық университетте көп жылдар қызмет етсе, өмірінің соңғы кезеңінде Астанадағы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ұстаздық еткен.



Педагогикалық қызметі оның ғылыми-зерттеу бағытында еңбекқорлығымен, оқыту ісінде әдіскерлік шеберлігі және ғылыми-тәжірибелік бағытта реформаторлық идеяларын жүзеге асыруымен айқындалады. Сонымен бірге ол – «Сенім» Тұжырымдамасын жасап, Алматы облысы, Қарасай (бұрынғы Қаскелең) ауданындағы Жандосов ауылында 1993-1996 жж аралығында тәжірибелік сынамадан (апробация) өткізген, қазақ педагогикасындағы тұңғыш авторлық ұлттық мектеп технологиясының авторы.

Ұлттық мектеп – А. Қыраубаеваның ғылыми-әдістемелік мұраларымен үйлесетін тәжірибе алаңы. Бұның айғағы – ғалым өзінің докторлық жұмысын жазумен қатар, мектеп ісін де жүргізуі. Ғалым білім беру ісін бала кезден бастау керек екені, тіпті зерттеушілік қабілеттер де бала кезден қалыптасатыны туралы және осы пікірлерінің ұлттық педагогика негіздері екенін айтып өтті. Ұлттық мектеп құру ісінде А. Қыраубаева өзі зерттеген дала данышпандары, қазақ ойшылдары, педагогика саласында із қалдырған тарихи тұлғалар еңбектерін жан-жақты зерттеп-зерделеп, ұлттық құндылықтарға негізделген заманауи үлгідегі мектеп моделін жасады. Бұл мектеп тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында құрылғанымен, оның ішкі мазмұны, педагогикалық қағидаттары мен ұстанымдары отыз жылға озық тұрды. А. Қыраубаеваның мектеп тәжірибесіндегі бастамалары білім беру ісінде де, қазіргі мектептер тәжірибесімен ізденісінде де енді ғана

жүзеге асырылуда.

Алма Қыраубаева идеясы білім беру мен ағарту ісіне қатысты Ахмет Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтар көзқарасымен, алаш идеясымен үндеседі. Ол – жиырмасыншы ғасыр аяғында жаңа дәуірдегі ұлттық мектеп моделін жасап, білім берудегі ұлттық құндылықтарды айқындап, жаңа бағыт қалыптастыру негізін қалаған реформатор.

Мақала ЖОО-да, мектептердегі білім беру ісінде жаңашылдығымен тың серпіліс тудырған новатор А. Қыраубаеваның іс-тәжірибесін, педагогикалық көзқарастарын таныстыру мақсатында берілген.

Кіріспе

1993-1996 жылдар аралығында Алматы облысының Қаскелең (қазіргі Қарасай ауданы) Жандосов ауылында Гуманитарлық қазақ мәдениеті мектеп-лицейі ҚазМУ Еліміздегі білім беру саласындағы жаңару үрдісі еліміздің тарихындағы, білім мен тәрбие беру ісіндегі ізденісті сан қырынан, объективті тұрғыдан зерделеуді қажет етуде. Осы бағытта еңбек еткен тұлғалардың еңбегін дұрыс бағалауға, олардың идеялары мен жаңашылдықтары, рухани құндылықтарын айқындап, қазіргі білім беру, ағарту саласында кеңінен пайдалануға ұсыну үшін қолайлы жағдайлар туғызып отыр. Бүгінгі таңда педагогтер қауымы шетелдік білім беру техникасы, технологиясын жетік меңгеріп, өз тәжірибесінде қолдануда. Әрине, көңіл қуанарлық жайт, алайда қазақы таным, ұлттық рух мәселесін қолға алу да күн тәртібінен түспек емес. Әл-Фарабидің білім мен тәрбиені астастыру туралы ұлағатты ойы жадымызда тұрғанда, бүгінгі ұрпақ тәрбиесі мен білім алуын тың тұрғыдан қарастыруымыз қажет. «Техника тілімен» тәрбиеленіп, түрлі гаджеттермен «туыстық қатынаста» өсіп келе жатқан ұрпақ тәрбиесінде ұлттық педагогика мен халқымыздың ғасырлар бойы жинақталып, қалыптасқан ұлттық дәстүрі мен мәдениетінің де орын алуы керек екенін жоққа шығара алмаймыз. Десек те, қоғамда орын алатын жағдаяттар мен оқиғалар, әлеуметтік-экономикалық кедергілер осы мәселенің өз шешімін таппай отырғанын көрсетеді.

Педагогтермен осы бағытта ой қозғасақ, қызу талқылаудан өткен соң, мәселе сол қозғалған күйде қалып қояды. Оның себебі де анық: педагог сан бұйрық, жылдар бойы шегеленген тәртіп пен «осылай орындалу керек» деген қалыпқа түсірілген жүйеде қалып қойған. Бұндай шектеулі талап, шегерілген шығармашылық білім беру ісін ілгерілетпесі анық. Міне, осы тұрғыдан біз А.Қыраубаеваның педагогикалық көзқарастары мен әдістемелік мұраларын зерттеп, мәні мен маңызын зерделеуіміз қажет. Ол – қазақстандық педагогика тәжірибесі мен халқымыздың мәдени, әдеби мұрасын оқытуда, қоғамның даму кезеңдеріндегі педагогикалық озық идеялармен танысуға, қолданысқа ұсынуға зор мүмкіндік көзі. Осындай ұлттық құндылықтарға негізделген барлық құнды, қажетті еңбектерді жүйелі түрде зерттеп, пайдалану – бүгінгі уақыт талабы.

А.Қыраубаева – жас тәуелсіз мемлекеттің білім беру саласына тың реформа жасап, эксперимент негізінде шынайы өзгерістер енгізген ғалым. Ол пәнді мектепте оқыту және оқу мәселесін тәжірибе жүзінде, кешенді бағытта (мектеп–ЖОО) ұйымдастырып, сәтті экспериментті жүзеге асырды. Бұл эксперимент тәуелсіздік алған кезеңдегі қазақ педагогикасына зор үлес қосты:

1) Сынама тәжірибеден өтіп, Тұжырымдамасы айқындалған, заманауи ұлттық мектеп моделін жасады;

2) Пәндерді оқыту әдістемесіне байланысты педагогикалық-психологиялық аспектілер тұрғысынан тың идеялар енгізді.

Ғалым-педагогтің педагогика саласындағы ғылыми-зерттеу мәселелері, білімді игеру процесіндегі инновациялық технология, тәрбие технологиясы, мектеп пен ЖОО сабақтастығы мәселелері – педагогикалық еңбегінің негізі болып табылатын әдістемелік мұра. Оның педагогикалық еңбектерінің ішкі механизмі – ұлттық идея, адамгершілік асыл қасиеттерді дамыту, ұлттық таным мен дәстүр, заман талабына сай өзгерістерге бейімделген ұлт мәдениеті. Алма Қыраубаеваның педагогикалық көзқарастары мен «Сенім» тұжырымдамасының мәні мен маңызын мақаламызда тереңірек талдап өтеміз.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Ғалым Алма Қыраубаева білім беру үдерісі және білім беру проблемалары аясында психологиялық қолдау көрсете отырып, білімді, білікті, сенімді тұлға тәрбиелеу проблемасын көтерді. Ол ЖОО-дағы ғылыми және практикалық мәселелерді зерттеумен қатар, эксперимент жүргізе отырып білім алу процесіне, бала тәрбиесіне және мектептер мен жоғары оқу орындарындағы оқыту әдістеріне қатысты педагогикалық еңбектерін жинақтап қалдырды. Бұл еңбектер Алма Қыраубаеваның педагогикалық мұраларының маңыздылығымен бірге, шәкірттердің интеллектуалдық және рухани дамуына елеулі үлес қосқан ұлы педагог екенінің айқын дәлелі.

Ғалымның оқу құралдары, публицистикалық материалдарымен бірге ұлттық мектеп тәжірибесі бойынша жазылған жұмыстары зерделеніп-зерттелуі талдау, жинақтау, тарихи әдістерін таңдауымызға ықпал етті. Талдау әдісі А. Қыраубаеваның өмір жолы мен еңбек жолын талдап, талқылауға мүмкіндік берсе,

жинақтау әдісі еңбектерінің тұтас жүйесін танып-білуге жағдай тудырды. Тарихи әдіс ғалым еңбектерінің қоғамдағы өзгерістермен, оқиғалармен себеп-салдарлық байланыстарын анықтауға көмектесті.

Әдебиеттерге шолу.



Профессор, Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың иегері, дарынды ғалым Алма Қыраубаева – қазақ әдебиеттану ғылымының аса көрнекті қайраткерлерінің бірі Бейсембай Кенжебаевтың шәкірті. Алма Мүтәліпқызы Қыраубаева 1947 жылы Қызылорда облысы, Сырдария ауданының Бірқазан бекетінде дүниеге келген. Әкесі Мүтәліп – танымал айтыс ақыны, жыршы, балуан. 1965 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті бөліміне түсіп, 1970-1973 жылдары осы университеттің аспирантурасында білімін жалғастырады.

1974-2000 жылдар аралығында ассистент, аға оқытушы, доцент, профессор қызметтерін атқарды. 2000 жылдан өмірінің соңына дейін Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде профессор болды.

1974 жылы «Қисас-и Рабғузи», «Махаббат-наманың» идеялық-көркемдік ерекшеліктері» тақырыбында кандидаттық, 1997 жылы «Шығыстық қисса-дастандардан» докторлық диссертациялар қорғайды.

2008-2012 жылдары «Өнер» баспасынан «Ғасырлар мұрасы», «Ежелгі әде¬биет», «Шығыстық қисса-дастандар», «Жаным садаға», «Мыңжылдық жолаушы» атты кітаптардан тұратын бес томдық шығармалар жинағы жарық көрді.

А.Қыраубаеваның ғылыми ізденістері негізінен көне түркілік әдеби мұраларды ежелгі дәуірдің әдебиетін зерттеуге арналған. «Қиссас-ул-әнбия», «Махаббат-наманы» қазақша сөйлетіп, ғылыми-зерттеу арнасын кеңейтті.

Ғалымның «Ғасырлар мұрасы» атты зерттеу кітабы XII-XIV ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихи мәселелеріне арналған. Кітаптың «Уақыт бедері» аталған алғашқы тарауында Әл-Фараби, Ибн Сина, Әл-Бируни, Әл-Хорезми секілді ғалымдар шыққан түркі халықтарының мәдениеті мен әдебиеті гүлдене дамыған кезеңіне назар аударады. «Аударма-нәзира әдебиет. Рабғузи қиссалары» аталған екінші тарауда араб-парсы әдебиетіне еліктеуден пайда болған нәзира дәстүріне кеңінен тоқталған. Бұл ретте Әлидің, Құтыбтың, Сайф Сараидың, Рабғузидың шығармаларын талдаған. «Тыңтума әдебиетте» атты үшінші тарауда автор «Махаббат-нама» дастанының жазылу, зерттелу тарихын шола отырып, жырдың көркемдік сыр-сипатын ашады. Соңғы «Ежелгі әдебиет дәстүрі» тарауында көне түркілік әдеби дәстүрлердің XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде жалғасын тапқандығы М.Көпеев, Ә.Тәңірбергенов, Ж.Шайхисламұлы, т. б. поэзиясын талдап өткен.

Ғалым қазақ әдебиетінің ескі замандардағы түп-тамырынан бастап, XX ғасырдың басындағы шығыстық, діни бағыттағы дәуірді қамтып, Алып Ер Тұңға, Томирис, Зарина, Ширақ батыр, Мәде хан, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк туралы қазақ ғалымдары арасынан алғашқылардың бірі болып қалам тартты. Ол қазақ әдебиетінің ескі кезеңін «Заманымыздан бұрынғы жазу-сызулар», «Түркі қағанаты дәуіріндегі әдебиет», «Оғыз дәуіріндегі әдебиет», «Ислам дәуіріндегі әдебиет», «Қарахан әдебиеті», «Алтын орда дәуіріндегі әдебиет» деп дәуірлеп бөлген. «Авестаны» қазақ мифологиясындағы қайнар көзі ретінде қарастырып, Тұранда, яғни түркілер елінде жазылған туынды деп баға берген. Оғыз дәуіріндегі әдебиетке Қорқыт, Оғыз қаған жайлы аңыз-жырларды да жатқызады. Ал «Шығыстық қисса-дастандар» монографиясы қазақ әдебиетінің бұрындары зерттелінбей келген тұтас бір саласының проблемасын көтерді. Нәзира үлгісімен жазылған қазақ қисса-дастандарын тақырыптық, сюжеттік жағынан түрлерге топтастырып, олардың көркемдік, идеялық бағыттарын айқындаған ғалым осы әдеби мұралардың оқытылу әдістемесіне ден қойып, зерттеу ісіне кіріседі.

А.Қыраубаева екі мақсатты айқындап, оқу-тәрбие қағидаттарының негізі етіп алған:

Кеңес дәуірінде кенже қалған, зерттелмей жатқан әдеби құндылықтарды ғылыми

тұрғыдан игеру;

Әдеби мұраны білім мен тәрбие құралына айналдырып, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу.

Оның ғылыми ізденістері қазақ елінің ғылымын дамытумен бірге осы игілікті тұтынатын ұлттық тәрбие мәселелерімен тығыз байланысты болды. Ел тәуелсіздігін алған алғашқы жылдарда жарық көрген «Жаным садаға» еңбегінде былай деп жазды: «Саяси тәуелсіздігімізді алғанмен, рухани тәуелсіздікке жету оңай емес. Оған қазақ баласы жаппай қазақ мектебінде оқитын күнге жеткенде ғана үміт артуымызға болады. Осы ұлы мақсат үшін күрес бүгін де, ертең де тоқталмауы тиіс» [1].



Ғалымның «Сенім» тұжырымдамасы «жаңа мазмұндағы ұлттық мектеп бағдарламасы, тәуелсіздік кезеңіндегі жаңа буын оқулықтарын жазу бағдары болды» деп атап көрсетті А. Қыраубаеваның бағдарламасы негізінде «Қазақ тілі» оқу-әдістемелік кешендерінің авторы А. Қасымбек[2].

Ғалым Ф.Оразбаева А. Қыраубаеваның «ұлттық тәрбие мен мектеп жарғысын түзген педагог-ұстаз, адамзаттық танымды меңгерудің амал-тәсілдерін іздеген әдіскер-ғалым, бала тәрбиесінде ұлттық сана мен ұлттық тәрбиеге ден қойған тәлімгер-мұғалім, қазақтың терме-жырларын, жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың әуендері мен әндерін жинаған, орындаған әнші-өнерпаз» деп педагогтік болмысын сан қырын ашып, педагогикалық көзқарастарының өзектілігіне тоқталған [3].

Алма Қыраубаева еңбектерінің тарихи сипатына үңілсек, оның кеңестік дәуірдің кереғар құндылықтарынан құтқару, яғни күрескерлік сипаты басым. Педагог өз еңбектерінде оны айқын көрсеткен: «Жатқа еліктеу – өзін-өзі қор санау. Бұл – ұлттық сана жетілмеген елде болатын көрініс. Өзінің ұлттық құндылықтарының болашағы жоқ деген түсініктің қалыптасуы – адамның жан дүниесін аздыратын қатердің бірі. Оның жастар арасында, бала сенімінде ұялауына жол беріп қоюға болмайды... Жастар арасында Тәттімбеттің кім екенін білмей, Майкл Джексонға құлдық ұру, Қорқыттың философиясын ұқпай жатып, Фрейдке таңғалу, тасқа жазылған ата сөзін оқымай тұрып, Куликово шайқасын білгішсіну ауруы бар...

...Қай тіл жетекші болса, баланың жаны сол тілде сөйлейді...

...Ұлттық мектебіміздің философиясы дәстүрлі түркілік өркениет пен қазақ әлемі негізінде жасалып, әлемдік өркениетпен сұхбат қарым-қатынасында болуы қажет.

...Өз ана тілінің сырын меңгеріп үлгермеген балаға өзге тілді қосақтауға болмайды. Орыс тілінің өзін 1-сыныптан қосарлау кеңестік жүйенің айла-шарғысы болатын» [4].

А. Қыраубаеваның филология, педагогика саласындағы зерттеу еңбектері – философия, тарих заңдылықтары аясында қарастырылуымен қатар, оқытудың интеграция, инновация және функционалдық сауаттылық мәселелерінің өзекті тұстарын шынайы әрекеттері үлгісінде көрсете білген ғылыми-теориялық жұмыстар. А. Қыраубаеваның ғылыми-әдістемелік мұраларының педагогикалық еңбектерімен тұтастығын, оның маңызы мен мәнін Т.Кәкішев, Ф. Оразбаева, Ж. Дәдебаев т.б. ғалымдар өте жоғары бағалады [3,4].

А.Қыраубаеваның педаго-гикалық көзқарастары алаш ардагерлерінің көзқарастарымен астасып жатыр. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың 20-30-жылдары өмір сүріп, ағартушылық қызмет атқарған Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов және т.б. озық ойлы тұлғалардың ұлттық идеялары мен оны жүзеге асыру проблемасы жөніндегі ой-толғаныс, еңбектері негіз болған «Сенім» Тұжырымдамасы, ұлттық үлгідегі мектеп ашу идеясы қазақ халқының рухани мұрасының мәнін насихаттау, ұлттық құндылықтардың маңыздылығын, ұлттық негізде мемлекеттілік мәселесі тұратынын ұрпақ жадына сіңіру міндеттерін жүзеге асыруымен құнды [5].

Талдау мен нәтижелер.

Соңғы отыз жылдықта жаһандану, педагогика мен психология саласындағы өзгерістерге қатысты ұлттық таным, ұлттық психология мен ұлттық педагогика мәселелері туралы пікірлер, ізденістер мен зерттеулер өзекті мәселе ретінде қарастырылуда. Бастау көздерге оралу, ұлттық код пен ұлттық сана, болмыс туралы ой қозғау «өз тарихын, философиясын білмейінше және оған белгілі бір көзқараста болмайынша, ешқандай мәдениеттің дамуы мүмкін емес» деген Л.Н. Гумилевтің пікірімен дәйектелуі де заңды. Ал Алма Мүтәліпқызы оны терең түсінгені өзі ашқан мектептің «Гуманитарлық Қазақ мәдениеті мектеп-лицейі» атауынан айқын аңғарылады.

Ғалым педагогика ғылымының



қалыптасуындағы тарихи-педагогикалық таным әдіснамасы мен тарихи-педагогикалық ілім, ұстаным негіздерін бірлікте ұстаған. Ұлттық ұлағаттың ұрпақ тәрбиелеудегі ғасырлық тәжірибесін, педагогикалық ілімін пайдалану арқылы тұлғаның қалыптасуы, дамуы және әлемде «Қазақы құбылыс» ретінде танылуын мақсат етті [6].

Алаш зиялыларының педагогикалық көзқарастары қоғам дамуына серпін берген XX ғасыр басындағы ағартушылық идеялар болса, А. Қыраубаеваның жаңашылдық идеялары мен педагогикалық қызметі XX ғасырдың аяғындағы, ел егемендігі мен тәуелсіздік алған кезеңіне тура келді. Жаһандану алдында тұрған дәуірдің тарихи құбылысын әдіснамалық тұрғыда зерттеген педагог өз идеялары мен оны жүзеге асыру бағыттарын межелеп алды. Ол:

Ғылыми зерттеулердің тұлға дамуына ықпал ететін педагогикалық аспектілерін анықтау және тәжірибеде қолдану;

Заманауи педагогика дамуындағы ұлттық мәдениет, таным мен тәрбие негіздерін сараптау, әдіснамалық, теориялық және тәжірибелік тұрғыдан зерттеу.

Ол уақыт, әлеуметтік орта, қоғамдағы өзгерістер мен тұлға биігіне апаратын сыртқы және ішкі факторларды ой елегінен өткізді. Бұл болашақ тұлғаның ой-өрісін, көзқарасын, өмірлік бағдарын анықтайтын іскерлікті ұштайтын тәжірибе алаңын ашуды жеделдетті. Ғалымның пайымдауынша, «мектептегі басты мәселе – оқулықтың мазмұнында». А.Қыраубаева ұлттық ұлттық мектептің моделін жасаумен бірге, «Тілашар», «Елтану», «Әлемтану», «Әдеп» бағдарламаларын жасап, «Ежелгі әдебиет» оқулығын жазып шықты.

«Қазақстан мектебі» журналының 1996 жылғы сәуірдегі санында жарияланған Алма Қыраубаеваның «Сенім» бағдарламасы – ұлттық тәлім-тәрбиенің тұтас бір концепциясы, инновациялық тұрғыдан «авторлық мектеп» технологиясы, Гуманитарлық қазақ мәдениеті мектеп лицейінің, тәжірибелік сынама нәтижесі негізіндегі заңды, тұжырымдық құжат.

Баспасөз бетінде жарияланған құжат қоғамда қызығушылық туғызды. Алайды оның реформалық сипаты зерттелмеді, тәжірибенің ұтымды тұстарын талдауға, ұлттық мектеп үлгісін қарастыруға, тәжірибеге енгізуге көңіл бөлінбеді. Оның өзіндік себептері бар еді. Ең алдымен, бұл – ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдары, экономикалық қиындықтар қыспағындағы кез. Екіншіден, Кеңес дәуірінен қалыптасқан білім беру жүйесіне басымдық беру, ал үшіншіден, білім саласындағы ізденісті, ұлттық мектеп ерекшелігін зерделеп, оның қажеттілігі мен маңызын жан жақты қарастыруға, өзгеріске бейімделу туралы даярлық та кем тұс еді.

А. Қыраубаеваның ұлттық үлгідегі мектеп моделі әлемдік деңгейдегі авторлық мектеп технологиясымен (ағыл. authorial school; нем. autorenschule, f) талаптарымен үйлеседі. Бұл термин туралы педагогикалық энциклопедиялық сөздікте (Бим-Бад Б.М.) инновациялық білім беру ізденістері тәжірибесі мен эксперименттік білім беру мекемесі ретінде жүзеге асырылатын ерекше сипатты құрылым екендігіне түсінік берілген. Оның қызметі жеке автор немесе авторлық ұжым әзірлеген жетекші психологиялық-педагогикалық немесе ұйымдастырушылық, басқарушылық тұжырымдамалар негізінде жүзеге асырылады. Оқу мен тәрбие ісін бөліп жармай, біртұтас қарастырды, тіпті психология ілімін тұлғаны қанаттандырушы негіз ретінде бастапқы орынға қойған ғалым ұстаз «Мағжан және Монтессори» мақаласын жазып, тұлға ерекшеліктері мен оның қалыптасу негіздеріне назар аударды. А.Қыраубаева: «Соңғы ғасырымыздың айтулы ізденістері болып табылатын Штей-

нер мен Монтессори тәрбиесі ұлы гуманизмге негізделген. Ал қазақ тәрбиесінде Мағжан «Педагогикасы» адамшылықтың үлгісі дер едім. Оған ұстаздың мына сөздері куә: «Адамның шын мағынасымен «адам» болуы үшін өзін сүю, жақындарын сүюмен қанағаттанбай, жалпы адамзатты сүюі шарт... Адам өз халқының адамдарын сүюінің үстіне басқа халықтардың адамдарын да сүюге міндетті...» Бұл сөздерді адамды сүйген адам ғана жазуы тиіс» деп атап көрсетеді [8].

Алма Қыраубаева – қазақи тәрбие мен ұлттық ұстанымы берік ортада өскен, елдік қасиеттердің ұлтты сақтаудағы маңызы мен рөлін жете түсінген ұрпақтың бірегей өкілі. Ғылыми пайымдау тұрғысынан ғалым заман сұранысын айқын бағдарлап, қазақтың рухани құндылығын арғы-бергі дәуірлер әдебиеті мен рухани кеңістігіміздегі білім мен білік парадигмаларын екшей отырып, уақыт талабына сай шешім таба білген педагог.

Ұлтты сақтайтын код – қазақтың өзінің баға жетпес елдік құрылымы, рухани байлығы, әдебиеті мен мәдениеті, ұрпақ бойына жан, тән, ар, дене, ой тазалығын сіңіру философиясында жатқанын бағамдап, мектептің төл әдістемесі ретінде «Баланы жасытпай оқыту» идеясын ұсынды. Ұстаздың: «Ал, жалпы, Сиявуштың арман қаласы секілді болашақтың арман-сабақтарын аңсаймын...Шәкірттерім



мені көргенше, мен оларды көргенше асықсақ»... деген сөздері өз ісін сүйген қай ұстаздың болсын ішкі ойымен үндеседі [9].

Алаш қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, тіл білімінің теориялық негізін қалаған аса көрнекті ғалым Құдайберген Жұбанов білім мен ғылымның байланысына айырықша мән береді. Тілші-ғалымның: «Білімге айналмаған ғылым – пайдасыз ғылым. Ғылымды білімге айналдыратын – мектеп» деген тұжырымын педагогикалық ұстанымдарының бірі ретінде қарастырған Алма Қыраубаева «Қазақ құбылысын» жүзеге асыруымыз – алдағы міндет!» деп болашақ міндетін нақты межелеген [10].

Зерттеу нысаны ұлт ұрпағы болған педагог ұсынған білім беру және тәрбие негіздерін төмендегідей принциптер негізінде қарастырды:

1) гуманитарлық білім берудің құрылымы мен функциялары негізінде оқыту;

2) педагогикалық зерттеудің логикасы мен әдістерін ұлттық таным мен құндылықтар жүйесіне басымдық бере отырып оқыту;

3. қазақ педагогикасын дамыту мақсатында жалпы ғылыми маңызы бар бастапқы, негізгі, іргелі педагогикалық принциптерге (теориялар, тұжырымдамалар, болжамдар) және тәжірибені жетілдіру мақсатында білім алушының білімін қолдану сауаттылығына басымдық беру.

А. Қыраубаева: «Тарихы тереңде жатқан әдебиетіміз бен мәдениетіміздің іргелі бастаулары бұған дейін дұрыс оқытылмай келді. Еліміз көне мәдени мұралардың ошағы болғанын оқушы санасына қалыптастырып, мақтаныш сезімін оятуымыз керек. Туған жердің, Отанның, елдің тарихына жастайынан қастерлеп өсіру – басты мақсатымыз. Сондықтан мектеп ашқанда мен ұлттық білім ордасы қандай болу керек деген ойымды іске асырсам деп ойладым. Бұл өмір бойғы арманым еді. Мұны бір жағынан ұлттық мектептің жаңа моделі десе де болады» деп өз жұмысына баға береді [11].

Гуманитарлық қазақ мәдениеті авторлық мектебінің негізін қалаған А.Қыраубаеваның іс тәжірибесімен қазақстандық педагогтер 2009-2016 жылдар аралығында «Арман-ПВ» баспасынан жарық көрген «Қазақ тілі» оқу-әдістемелік кешендерін қолдану барысында танысты. Осы кезеңде енгізілген жаңартылған білім мазмұны талаптарымен үйлес, үндес болған педагогтің көзқарастары ұлттық сипатымен еңселене түсті.

Тұтас мектеп жүйесін жасаған автор жұмыс әдістері мен тәсілдері кешенін ұсынып, мектеп мұғалімдерінің қолданысы арқылы тәжірибе жүзінде апробациядан өткізді. Мысалы: «Үшбу хат» әдісі – кері байланыс көзі. Бұл – оқушының өз ойын жүйелеп қағазға түсіру, жазу сауаттылығын меңгеру ғана емес, оның жан дүниесінің тетіктерін табуға көмектесетін психологиялық әдіс. «Өрнекті ой» әдісі – материалды түсіну үшін сурет, көрнекілік, өнер және т.б. мүмкіндіктерге жол ашады, әсіресе,

геймификациялық ойындар мен графикалық сызбалармен үйлесімді. Жұмысты түрлі формада беруге шек қойылмайды: кросс-ворд, эссе, инфографика, сұлба кескін, пішін, математикалық формула, ән, өзі ойлап тапқан ойын және т.б. Бұл жердегі басты шарт – оқушы өз туындысының қандай ұғым-түсінікке байланысты жасалғанын, идея қалай туындағанын айтып беруі.

Ғалымның өзі ойлап тапқан «Шиыршық» - жаңа материалды игеру кезінде немесе әр сабақта өткен материалды қайталау, еске түсіру жағдайында ұтымды көмек көзі.

Ғалымның «Шығармашылық зертхана» – оқушыны ғылыми жоба жасау, зерттеуге баулу тәсілі. Зертхананың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес зерттеу жұмыстары жүйелі қадамдарға негізделген. Зертхана құрылымы оқу үдерісін технологияландыруға негізделген, оқу-тәрбие процесінің нәтижелілігіне кепілдік беретін алгоритмді анықтауға құрылған. Білім алушының пәнді жоғары деңгейде меңгеруіне және маңызды мәселелер бойынша ғылыми–зерттеу жұмыстарымен айналысуларына жағдай туғызады; оқу-тәрбие процесінің нәтижелерін педогогикалық диагностика арқылы жүйеге келтіруге ықпал етеді; оқу–тәрбие процесінде жеке тұлғаның дамуын жан–жақты (таным процесінің ерекшеліктері мен жеке тұлғаның негізгі қасиеттері) зертеуді ұйымдастыруды жүзеге асырады; жеке тұлғаның рухани және эстетикалық дамуына бағытталған іс-әрекеттер жүйесін құру, іскерлік қабілеттерін арттыру т.б. жұмыс бағыттарын жолға қояды.

А. Қыраубаеваның білім саласындағы педагогикалық идеялары – теңдессіз еңбек, білім беру саласына елеулі үлес қосатын баға жетпес педагогикалық тәжірибе болып табылады. Оның педагогикалық идеялары мен тәсілдері баланың үйлесімді тұлғасын қалыптастыруға, оның шығармашылық қабілеттерін дамытуға және қоғамдық өмірге белсенді қатысуға бағытталған.

Қорытынды

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың халыққа жолдаған Жолдауының «Жаңа Қазақстан: Азаматтық институттардың рөлін нығайту» бөлімінде «Озық білім, үздік тәжірибе жоғары бағаланады. Өткеннен тағылым алып, келешекке сеніммен қадам басамыз» деген сөзі ғалым Алма Қыраубаеваның еңбектерінің сипатына сай және заманауи талаптар үдесінен келеді.

А. Қыраубаеваның мектебіндегі сабақты ұйымдастыру талаптары, әр оқушыға назар аудару, балдық жүйеде бағалау қадамдары, кіріктірілген сабақтар мен шығармашылықпен жұмысжасауізденістеріҚазақстанмектептеріне ондаған жылдар салып кешігіп келіп отыр. Қазіргі мектептерде жүзеге асырылып жатқан тәлімгерлік жұмыстар мен сабақтағы зерттеу, «оқушы үнін» тыңдау, үзілістердегі домбыра үні сияқты тың үдерістердің тамаша бастамасы ең алғаш Алма Қыраубаеваның мектебінде жүзеге асырылғанын Г. Қажиева, Ж. Жеткізген өз еңбектерінде атап өтті[12,13].

Алма Қыраубаеваның педагогикалық көзқарастары ұлттық педагогика құндылығына айналды. Ғалым мұралары, ғылыми еңбектері туралы зерттеу еңбектері жазылып, әдістемелік мұралары да жан-жақты қарастырылуда. Педагогикалық еңбектері туралы да мақалалар жарық көруде.

Қазақ педагогикасы, ұлт ұрпағын тәрбиелеу жолында білім беру реформасына бетбұрыс әкелген, «Сен – қазақ деген ұлы халықтың ұрпағысың!» деп батыл тұжырым айтқан Алма Мүтәліпқызы Қыраубаеваның педагогикалық көзқарасы, ұстанымдары, сөз жоқ, Қазақстандағы ұлттық тәрбие мен жаңа тұрпатты білім жүйесінің қанат жаюына үлкен үлес қосатыны даусыз[14].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қыраубаева А. Жаным садаға. 5 томдық шығармалар жинағы. 4-том. -- Алматы: Өнер, 2011. - 344 б.
2. Хасанұлы Б. Қасымбек А. т.б. Қазақ тілі: Әдістемелік құрал.Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныптың мұғалімдеріне арналған.–2-бас. өнд. Астана: «Арман-ПВ», 2014. – 112 б.
3. Профессор Алма Қыраубаева: ұстаздық ұлағаты мен ғылыми мұрасы: республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 25 мамыр, 2022 жыл / құрастырған және электрондық баспаға дайындағандар: Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 96 б
4. Қыраубаева А. Пәнді оқытудағы заманауи ізденістер: технология және жаңашылдық: оқу құралы / А. Қыраубаева, А. А. Қасымбек, Н. Қ. Мәтбек. - Алматы : Қазақ университеті, 2020. - 350 с.
5. А. Қыраубаева. «Сенім» бағдарламасы // Қазақстан мектебі. – 1996. – №4
6. А.Қасымбек, Р.М.Дуйсебаева. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқыту ізденісі: Әдістемелік құрал. Алматы: 2020. – 40 бет.
7. Қасымбек А.А. Дүйсебаева Р.М. Қазақ тілі: Әдістемелік нұсқау. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сынып мұғалімдеріне арналған құрал. – Астана, 2010. – 116 б.
8. Гуманитарлық қазақ мәдениеті мектебінің тәжірибесі // Ұлт тағылымы. -1999.- №1. -13-17 бб.
9. Ф.Ш. Оразбаева. Профессор Алма Қыраубаеваның педагогикалық көзқарастары. А. Қыраубаеваның 70 жылдық мерейтойындағы баяндама материалы.
10. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. өнд., 3-бас.– Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.
11. Егемен Қазақстан. – 2021. – 18-24 қараша. – №46
12. Қажиева Г.Т. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы негізінде мектептегі тәрбие жұмысы мазмұнын жаңарту жолдары. Әдістемелік нұсқаулық. Алматы: 2017. – 151 б.
13. Жеткізген Ж. Қазақ тілін оқытудың тиімді әдістері. Әдістемелік құрал. Алматы. «Алматыкітап» ЖШС, 2006 – 40 б.
14. Ұлттық мектеп - өрісіміз // Қазақстан мұғалімі. – 1995.- 24 қаңтар.

Айсұлу ҚАСЫМБЕК,
Білім беру ісінің үздігі

Көненің көркем көзі



Ортада: Қазипа Қалиқызы.
Арулар «Баян» шапанымен

Сән өнеріндегі жолы ән салғанды сүйіп, музыкалық аспапта ойнайтын әкесіне еліктеген бала кезден басталды. Жалпы, 6-7 жасынан бастап қолына қарындаш алып, түрлі оюларды сызуға машықтанды. Сөйтіп, қазақтың ою-өрнегіне қызығушылығы оянып, осыдан 40 жыл бұрын, 1984 жылы Қытайда қазақы киім тігуге кірісті. Қай кезде қандай жұмыс істесе де, қайда барса да, чемоданының ішінде қағазы мен карындашы жүрді. Қолы қалт еткенде түрлі оюларды сызуға отыра кететін...

Ұлттық оюды – қатардағы сәндік үлгі ғана емес, түйсік-тұжырым, тұтас идея, толық композиция, тігіс тілі ретінде қарастыруға тырысты. 1996 жылы көздің жауын алатын ұлттық нақыштағы көйлектер, тойға жасаулар, түрлі шараларға киетін камзол, шапандар тігіп, үлкен көрмеге қатысты.

Түптеп келгенде, басты бағыт-бағдар, мұрат-мүддесі – ұлттық ою-өрнекті жаңа сән-салтанатпен ұштастырып, тек мәдени мұра ғана емес, нақты кәсіпке айналдыра отырып, ұлттық қолөнерді заманауи өріс пен өркениетке бейімдеу болды.

Шығыс елінде шағын шеберхана мен жалға киім беретін дүкен ашты. 1997 жылы атамекенге қоныстанып, «Әз-Сән» тігін шеберханасын құрды. Өз елінде кәсібі өрге домалап, ұлттық нақыштағы плащ, жилет, шапандар, абайкалар трендімен жиырмаға жуық тігіншілер ұстады. Жеке дүкен есігін ашты. Қазір киімдерін Kaspi мен Instagram арқылы қосымша сатады.

Қырық жылдай қазақтың ою-өрнегін жүйелі түрде зерттеп, жүздеген авторлық үлгі мен топтама жасаған «ETNO STILE» ЖШС-нің бас директоры, этнодизайнер, «Hazifa_Brand» негізін қалаушысы, Еуразия Дизайнерлер Одағының «Құрметті дизайнері», Ұлттық бренд «Дәстүр» сыйлығының иегері, «Асыл қазына» телебәйгесінің әрі «Наурыз ұлттық сыйлығының» жеңімпазы Қазипа Қалиқызы Мұхаметқали – ұлттық сән индустриясында өзіне тән төл қолтаңбасы бар құбылыс.

Бабаларымыздың асыл аманаты, тұтас бір үндестіктің пайымы мен тілі – қазақтың ұлттық киімдерін АҚШ, Германия, Түркия, Испания т.с.с. секілді әлемнің 30 еліне жөнелткен талантты шебердің еншісінде (қоржынында) әртүрлі тәсілмен композициялап, киімге, матаға, тұрмыстық, интерьерлік бұйымдарға енгізетін: қайталанбайтын 1000-ға жуық ою-өрнектер; көйлек тігуде органза мен сетка материалдарын ұлттық нақышпен үйлестіріп қолдануды алғаш енгізген бірегейлік; жоғары сапалы, кестеленген үй бұйымдарының ұлттық

нақыштағы толық және үлкен топтамасы; 100-ден астам үй бұйымынан тұратын жеке коллекция; 70-тен астам киім үлгісі, 50-ден аса мата дизайндары; авторлық композициядағы жаңа маталар шығару:ою-өрнектерді жіппен және маржандармен кестелеу, принттеу,



«Сырмақ» бомбері

матаға бастыру, таңбалау әдістерін ойлап тауып, кеңінен қолдану; қазақы нақыштағы заманауи бомбер мен жилет үлгілері; әйелдерге «Айдай», «Айжұлдыз», «Назар», «Айсұлу», «Құралай», «Баян» шапан топтамалары; ерлерге «Достық», «Айбат», «Ақжол», «Еркін» «Батыр» сериялары бар.

Мемлекет басшысы елімізде Наурыз мейрамы ерекше жағдайда тойлау керектігін айтып, Наурызнама тұжырымдамасы бекітілді. Сөйтіп, Наурызнама – ұлттық киімдерге сұраныстың нақты қайнар көзіне айналды. Наурызнамаға сәйкес 18 наурыз – Ұлттық киім күні болды. Наурызнама сауда көркін қыздырды. Халықтың ұлттық киімге деген қызығушылығы артты. Қазақтың ою-өрнектерімен көмкерілген ұлттық құндылықтарымыз заман ағымына сай түрленіп, өзгеше сипат алып, заманауи стильге бағытталып, көпшілік арасында кеңінен дәріптелуге бет бұрды.

Жұрт ұлт киімдерін Наурызда ғана емес, жыл он екі ай тойтомалаққа, үлкен жиындарға, қадірлі қонақтар мен үлкен кісілерге киюге ыңғайлы, сәнді шапандар сатып алып, күнделікті киіп жүре бастады. Ұлттық киім – күнделікті тұрмыста, қызметте, сыртта киіп жүре беруге қолайлы, ыңғайлы әрі көрік беріп тұр.

Қазір ұлттық киім – күнделікті стильдің бір бөлігіне айналды. Жұма күндері ұлттық киім кию – жаңа салт-дәстүр. Бұл – ұлттық сана өсуінің анық белгісі, халық өзінің ежелгі тамыры мен болмыс-өнеріне жақындай түсті. Бүгін Абайдың қара сөздеріне, ақынның суреті салынған жейделер мен сөмкелерге, жапырақ-өсімдік тектес, аң-құс тектес, астрономиялық және т.б. ою-өрнектердің түрлеріне қызығушылық жоғары. Ою-өрнектердің көлемі көйлектің пішіміне қарай үйлесімділікпен салынуы қажет. Жилетті көбінесе бағасын жоймайтын барқыт маталардан тігеді.

Ұлттық ою-өрнектерді киім-кешектерде, ыдыс-аяқтарда қолданудың өзіндік тарихы мен реті бар. Айталық, қошқар мүйіз – байлықты, құс қанаты – бейбітшілікті білдіреді. Осы заңдылықтарды Қытайдың Шанхай қаласындағы университетінде киімді кесіп-пішу технологиясы бойынша және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне білім алып, «Киімді үш өлшеммен кесіп-пішудің оңай әдісі» деген теориялық кітап жазған, «Қазақстанға «не аламын» емес, «не беремін» деген мақсатпен келдім» деген қазақтың қаршадай қызы Қазипа Қалиқызы Мұхаметқали тігін өндірісін қолөнермен байланыстыра дамытып, төрт түлік малмен бірге жасыл жайлауда табиғат аясында өмір сүрген қазақ халқының ою-өрнектері аң-құстардың бейнесімен сәйкестендіріп, бұрын-соңды болмаған, аналогы жоқ мегажоба жасады. Қолөнер – өте күрделі ою-өрнегі, геометриялық байланысы, матамен үйлесімі, өрнектің тігілу өнері, жіппен, матаның түстердің өзара қабысуы қажет сала.

«Қазақтың кез-келген әрбір ою-өрнегінің



мәні мен мағынасы, композициялық ой-түйіні бар. Ою-өрнек – ұлттың генетикалық коды. Біз бүгін ұлттық оюдың «әліппесін» зерттеп, қазақтың ұлттық киімін заманауи стильге икемдеп, отандық сән трендіне айналдырдық. Ал, ұлттық нақыштағы үй бұйымдары «Hazifa_ Brand» дегеніміз – ұлттық нақышпен өрілген, қазақтың байырғы кесте өнерімен астасқан жоғары сапалы үй бұйымдары, яғни, перделер, дастаранхандар, көрпешелер, жастықтар т.б.

Мен кез келген дүниемнің ерекше әрі сәнді болғанын қалаймын, әрбірінің композициясы, пропорциясы, сызықтарының үйлесімі заңмен қорғалған. Әр үлгімізге авторлық куәлік алып, құқық жағынан қорғап отырамыз. Елімізге тек гранттар мен көрмелер емес, жүйелі инфрақұрылым қажет. Жеңіл өнеркәсіпті жандандырып, мата шығаратын зауыттарды заманауи техникамен жабдықтауға тиіспіз. Ұлттық киім өндірушілерге салық жеңілдігі немесе «Қазақстанда жасалған» бренді – әлемдік нарыққа шығарудың тетігі. Ұлттық бренд – елдің имиджі ғана емес, саланың стратегиялық инвестициясы. Ұлттық ою-бітімнен – байрақты заманауи брендке дейін жетілген қазақтың ұлттық киімінің әдемілігі мен сапасы көздің жауын алып, әлемде көш бастайтын уақыт алыс емес», – дейді ілкімді ісмер Қазипа Мұхаметқали.

Көштің басында тұрған көненің нағыз көркем көзі осындай.

Еңлік ҚАЛДАРХАН
Астана қаласы

«Толқын» бомбері





Үнсіздік – қылмыстың серіктесі

ЕҢ ҚАУІПТІСІ – «МАҒАН ҚАТЫСЫ ЖОҚ» ДЕГЕН ТҮСІНІК

Бүгінгі қоғамда құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Алаяқтық, буллинг, тұрмыстық зорлық-зомбылық сияқты қылмыс түрлері жиілеген сайын, оған қарсы күрес те күшейіп келеді. Сарапшылардың пікірінше, негізгі мәселе тек заңның әлсіздігінде емес, қоғамдағы бейжай көзқараста. Яғни ең қауіптісі – «маған қатысы жоқ» деген түсінік. Нөлдік төзімділік ұстанымы – кез келген құқық бұзушылыққа үнсіз қалмау, дер кезінде әрекет ету дегенді білдіреді.


АЛАЯҚТЫҚ: ЦИФРЛЫҚ ҚАУІПТІҢ ӨСУІ

Соңғы жылдары интернет алаяқтығы айтарлықтай көбейді. Қылмыскерлер көбіне өзін банк қызметкері ретінде таныстырып, немесе «жақын адамның басына қиындық түсті» деп алдау тәсілін қолданады. Мұндай жағдайға көбіне егде жастағы азаматтар жиі түсіп қалады. Себебі ақпараттық сауаттылықтың жеткіліксіздігі мен сенгіштік басты фактор болып отыр. Тіпті сол сенгіштіктің, қорқыныштың салдарынан пәтерінен айрылып қалған

оқиғалар да аз емес. Соған қарамастан, әлі де болса көптеген жәбірленушілер полицияға жүгінбей, мәселені жасырып қоя салуда. Ал бұл алаяқтардың әрекетін жалғастыруына жол ашады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 190-бабына сәйкес, алаяқтық жасаған тұлғалар мүлікті тәркілеу және 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасына тартылуы мүмкін.

КӨРІНБЕЙТІН ҚАУІП...

Бүгінгі қоғамда әсіресе мектеп жасындағы балалар арасында кең тараған, сырттай қарағанда «қарапайым мазақ» болып көрінетін, бірақ шын мәнінде терең психологиялық жара салатын әлеуметтік құбылыс кең таралған. Ол бір реттік келемеж емес, керісінше жүйелі түрде қайталанатын қысым, қорлау, кемсіту және оқшаулау әрекеттерінен тұрады. Көп жағдайда буллинг сырт көзге байқалмайды. Сабақтан кейінгі дәліздегі күлкі, чаттағы мысқыл, әлеуметтік желідегі астарлы жазбалар – мұның бәрі бала психикасына біртіндеп әсер ететін, бірақ ізі терең құбылыс. Мамандардың айтуынша, дәл осы «көрінбейтін қысым» балалардың ішкі әлемін ең көп бұзады.




Мысалы, бір сыныпта қатарластарының тұрақты мазағына ұшыраған оқушы біртіндеп сабаққа барудан қашқақтай бастайды. Алдымен ол тек үндемейді, кейін достарынан алыстайды, соңында өз-өзіне сенімі жоғалып, тұйықталып қалады. Кейбір жағдайларда мұндай психологиялық қысым жасөспірімдерді ауыр күйзеліске, тіпті суицидтік ойларға дейін алып келіп жатады. Өкінішке қарай, мұндай оқиғалар тек бір елдің немесе бір мектептің емес, жалпы әлемдік деңгейдегі өзекті мәселе.

Соңғы жылдары мамандар буллингтің жаңа формасы – интернеттегі кибербуллингтің күрт көбейгенін атап өтеді. Егер бұрын бала мектеп қабырғасынан шыққанда қауіпсіз ортаға оралса, қазір әлеуметтік желілер арқылы қысым тәулік бойы жалғасып жатады. Бір ғана хабарлама, бір ғана жарияланған видео немесе мазақ комментарий баланың психологиясына ұзақ уақыт әсер етуі мүмкін.

Құқықтық тұрғыдан алғанда, буллинг нақты бір ғана баппен шектелмейді, ол жағдайға қарай әртүрлі құқық бұзушылық ретінде сараланады. Мысалы, адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлау жағдайлары Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 131-бабы бойынша қаралады. Егер жалған ақпарат тарату орын алса, 130-бап – жала жабу қолданылады. Ал ең ауыр жағдайларда, яғни жүйелі қысым адамның өз-өзіне қол жұмсауына дейін жеткізсе, 105-бап бойынша қылмыстық жауапкершілік қарастырылып, 8 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалуы мүмкін.

Алайда заңдық жауапкершіліктен бөлек, буллингтің ең күрделі тұсы – оның көбіне үнсіз жабылуы. Көп жағдайда зардап шеккен бала да, куә болғандар да бұл туралы ашық айтпайды. Біреуі қорқады, біреуі «ұят болады» деп ойлайды, енді бірі «жай әзіл шығар» деп мән бермейді. Дәл осы бейжайлық буллингтің жалғасуына мүмкіндік береді. Психологтардың айтуынша, балаға жасалған қысым тек мектеп қабырғасымен шектелмейді. Ол оның



болашақ өміріне, өзіне деген сеніміне, адамдармен қарым-қатынасына ұзақ мерзімді әсер етеді. Сондықтан буллингті тек «балалық қалжың» ретінде қарастыру – ең үлкен қателіктердің бірі.

Осы тұрғыдан алғанда, буллингпен күрес тек мектептің немесе мұғалімнің міндеті емес. Бұл – ата-ананың, қоғамның және әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі. Себебі кез келген үнсіздік – қысымның жалғасуына берілген мүмкіндік.

КӨЗДЕН ТАСА, ҮЙ ІШІНДЕ БОЛАТЫН ҚЫЛМЫС...

Көзі жастан құрғамайтын, көкірегіне шер тұнған келіншектер көп. Сырт көзге балашағасын өсіріп отырған үлгілі отбасы боп көрінгенімен, іштей күйеуінен не жалпы үй ішінен қағажу көріп келе жатқан сол құбылысқа кейінгі кезде тұрмыстық зорлық-зомбылық деген атау қойылып, қылмысқа теңестірілді. Ол – қоғамда ең жиі кездесетін, бірақ ең көп жасырылатын қылмыс түрлерінің бірі. Көп жағдайда бұл мәселе отбасының ішкі шаруасы ретінде қабылданып, ұзақ уақыт бойы жария етілмей қалады. Ал шын мәнінде, үнсіз қалған әрбір жағдай кейін үлкен әлеуметтік трагедияға айналуы мүмкін. Мамандардың айтуынша, тұрмыстық зорлық көбіне бірден ауыр қылмыс ретінде басталмайды. Ол әуелі сөзбен қорлау, психологиялық қысым, бақылау мен шектеуден басталып, біртіндеп жүйелі зорлыққа ұласады. Уақыт өте келе мұндай жағдай адамның өміріне тікелей қауіп төндіретін деңгейге жетеді. Көптеген қайғылы оқиғалардың түп-тамыры да осы үнсіздікте жатыр. Жәбірленуші де, айналасындағы адамдар да бастапқы белгілерді елемей, «отбасылық мәселе», «өздері шешеді» деген түсінікпен араласпайды. Алайда дәл осы бейжайлық зорлықтың күшеюіне жол ашады.

Заңгер Нұрбол Батырбаев бұл мәселенің қоғамдағы кең таралуын тікелей үнсіздік мәдениетімен байланыстырады. Оның айтуынша, тұрмыстық зорлық-зомбылық, алаяқтық және буллинг сияқты құқық бұзушылықтардың көбеюіне ортақ бір себеп бар – дер кезінде әрекет етпеу.

- Көп жағдайда жәбірленушілер де, куә болған адамдар да құқық қорғау органдарына жүгінбейді. Соның салдарынан құқық бұзушы өз әрекетін жалғастыра береді, тіпті одан да ауыр қылмысқа барады. Бастапқыда бұл қарапайым тұрмыстық дау сияқты көрінгенімен, уақыт өте келе жүйелі қысым мен ашық зорлыққа айналады. Егер алғашқы кезеңінде-ақ құқықтық шара қолданылса, көптеген қайғылы жағдайлардың алдын алуға болар еді. Өкінішке орай, бірақ көптеген әйелдер отбасын сақтау, балалардың болашағын ойлау немесе әлеуметтік қысымнан қорқу себебімен зорлықты сыртқа шығармайды. «Балалар үшін шыдаймын», «отбасымды сақтаймын» деген түсінік кей жағдайда адамның өз өмірін қатерге тігуіне дейін алып барады. Алайда мамандардың айтуынша, мұндай үнсіздік мәселені шешпейді, керісінше оны ушықтырады. Өйткені зорлық-зомбылық – жеке отбасылық мәселе емес, ол қоғамдық қауіп.

ҚЫЗ АЛЫП ҚАШУ ЖӘНЕ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ

Соңғы жылдары қыз алып қашу және жыныстық сипаттағы қылмыстарға қатысты заңнамалық талаптар күшейді. Бұл әрекеттер енді дәстүр ретінде емес, қылмыс ретінде қарастырылады. Мұндай әрекеттер Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 125-бабы (адам ұрлау) және 126-бабы (заңсыз бас бостандығынан айыру) бойынша сараланып, 7 жылдан 10 жылға дейін жаза тағайындалуы мүмкін. Ал зорлау – ең ауыр қылмыстардың бірі. 120-бапқа сәйкес, 5 жылдан бастап, ауырлататын жағдайда 20 жылға дейін немесе өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Адамның еркіндігі мен құқығы ешқандай дәстүрден жоғары тұруы тиіс. Сондықтан мұндай әрекеттерге қоғам тарапынан да, заң тарапынан да қатаң тосқауыл қойылуы қажет.

ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ ФАКТОРЛАРЫ

Мамандар құқық бұзушылықтың алдын алудың негізгі төрт бағытын атап өтеді: құқықтық сауаттылықты арттыру, азаматтық белсенділік, дер кезінде хабар беру, құқық қорғау органдарына сенім қалыптастыру

Құқық қорғау саласының мамандарының айтуынша, көптеген қылмыстардың өршуіне куәгерлердің үнсіз қалуы әсер етеді. Кей жағдайда адамдар оқиғаны тоқтатудың орнына оны видеоға түсіріп, әлеуметтік желіге жүктеумен шектеледі. Бұл – қоғамдағы бейжайлықтың көрінісі.

Түйін: Құқық бұзушылыққа нөлдік төзімділік – тек құқықтық талап емес, қоғамдық мәдениет өлшемі. Алаяқтық, буллинг және тұрмыстық зорлық-зомбылық сияқты мәселелердің ушығуы көбіне үнсіздіктің салдары. Ал әрбір дер кезінде жасалған әрекет бір адамның өмірін сақтап қалуы мүмкін. Үнсіздік – қылмыстың серіктесі. Ал белсенділік – қауіпсіз қоғамның негізі.

Мәриям ӘБСАТТАР,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі



Кітап - ұлттың жады

Кітап – ұлттың жады: Түркістандағы тағылымды жиын

Түркістан төрінде өткен Ұлттық кітап күніне арналған іс-шара – жай ғана мәдени жиын емес, руханиятқа қайта бет бұрған қоғамның тынысын аңғартқан тағылымды кездесу болды. Балалар әдебиеті мен оқу мәдениетін насихаттауға бағытталған бұл басқосу кітаптың бүгінгі ұрпақ тәрбиесіндегі орнын жаңаша пайымдауға мүмкіндік берді.

Түркістан қаласында Ұлттық кітап күніне орай «Балалар әдебиеті – рухани тәрбие бастауы» тақырыбында ауқымды іс-шара өтті. Бұл жиын – тек есеп беру не мерекелік форматтағы кездесу емес, ұлттың рухани тамырына үңіліп, болашақтың бағыт-бағдарын айқындауға арналған мазмұнды алаңға айналды.



Іс-шараға қатысқан Түркістан облысы білім басқармасының басшысы Ғалымжан Орынов кітаптың адамзат өркениетіндегі орнына тоқталып, оның ұлт санасын қалыптастырудағы рөлін ерекше атап өтті. Оның айтуынша, кітап – уақыттан озатын, бірақ уақытпен бірге жаңғырып отыратын рухани құндылық.

«Бұл күн – жай ғана атаулы дата емес. Бұл – қоғамның білімге, ойға, парасатқа бет бұрғанының белгісі. Кітапта халықтың жады, ұрпақтың ізі, даналардың аманаты сақталған.

Кітап оқыған ұрпақ – ойлы ұрпақ, ал ойлы ұрпақ өз жолынан жаңылмайды», – деді ол.

Жиын барысында ұйымдастырылған «STEAM+ Кітапхана – болашақ» көрмесі дәстүрлі кітапхана моделінің жаңа мазмұнмен толығып келе жатқанын көрсетті. Цифрлық мүмкіндіктер, интерактивті жобалар мен заманауи тәсілдер кітап пен оқырман арасындағы байланысты жаңа деңгейге көтерудің нақты мысалдары ретінде ұсынылды.

Облыстың әр өңірінен келген білім бөлімдері балалардың кітапқа қызығушылығын арттыруға бағытталған тың жобаларын таныстырып, тәжірибе алмасты. Бұл бастамалар тек оқу әдетін қалыптастырумен шектелмей, жас ұрпақтың ойлау мәдениетін, таным көкжиегін кеңейтуге бағытталғаны аңғарылды.

Сондай-ақ, «Цифрлық кітапхана: жаңа мүмкіндіктер әлемі» тақырыбындағы бейнематериалдар арқылы кітапхана ісінің болашағы мен жаңа бағыттары сараланды.

Іс-шара аясында «Балалар кітапханасы» жобалары ұсынылып, сала мамандары өзара пікір алмасып, кітапхана жүйесін дамытудағы өзекті мәселелерді талқылады.

Жиын соңында саладағы жұмысты жетілдіруге бағытталған нақты ұсыныстар қарастырылып, қорытынды жасалды. Сонымен қатар, облыстық кәсіподақ комитетінің төрағасы Бақытбек Еркінбек кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға және әдебиетті насихаттауға үлес қосқан мамандарды «Алғыс хатпен» марапаттады.

Бұл іс-шара – кітаптың тек өткеннің мұрасы емес, болашақтың да бағдаршамы екенін тағы бір мәрте дәлелдеген рухани кездесу болды.

Нұрлан СҰЛТАНБЕК





«ҚАТЫНҚАМАЛ»: САХНАДАҒЫ ТӘУЕКЕЛ МЕН ІЗДЕНІС



«Қатынқамал» жаңа қойылым – бүгінгі қазақ сахнасындағы ізденіс пен тәуекелдің тоғысқан тұсында туған, формалық тұрғыдан да, мазмұн жағынан да талқыға лайық перформанс. Бірден айтайық, бұл Райымбек театрының жаңа ізденісін байқатты.

Қойылым жаугершілік заманда ел қорғауға аттанған ер азаматтардың орнында қалған аналар мен қыз-келіншектердің жан әлеміндегі үрей мен үміттің, қорқыныш пен қайсарлықтың арпалысын сахна тілімен «сөйлетуге» ұмтылған. Жау қаупі төнген шақта туған жердің тұтастығын сақтап қалу үшін үңгірді қамалға айналдырған қазақ әйелдерінің тағдыры – сыртқы жауға қарсы күресі – ішкі қорқынышты жеңудің символы ретінде ұсынылады. Осы тұрғыдан алғанда, қойылымның идеялық өзегі анық, пафосы сенімді екені даусыз.

Соңғы жылдары қазақ театр кеңістігінде перформанс, хэппенинг, сайт-специфик сияқты заманауи формалардың бой көрсетуі – заңды құбылыс. «Жаңа театр» деп аталып жүрген қалалық музыкалық-драма театры да бұл бағытта өз қойылымдарында түрлі тәжірибелерге барып жүр. Жас режиссер Нұржан Істаевтың (ассистенті Г.Айтбаева) «Қатынқамал» драмасын (авторлары Б.Сердәлі, Н.Мараим) дәл осы перформанс жанрында сахналауы – батыл шешім. Себебі бұл форма дәстүрлі драмалық құрылымнан бөлек, көрерменді тікелей әсер мен символдар кеңістігіне жетелейді.

Қойылымның сценографиялық және хореографиялық шешімдері (хореограф Д.Кахарбеков) – оның басты жетістіктерінің бірі. Актрисалардың қарапайым таяқ арқылы керегеге, уық, шаңырақ бейнесін жасап, киіз басу, күбі пісіп, келі түю, диірмен тарту сияқты тұрмыстық әрекеттерді ым-ишаратпен беруі – ұлттық кодты заманауи пластикамен ұштастырудың сәтті үлгісі. Әр актрисаның қолындағы бір ғана таяқтың кейіп ауыстырып, бірде тұрмыс құралына, бірде қаруға айналуы – символдық ойлаудың дәл табылған көрінісі.

Перформансқа тән фобиялық әсер де қойылымда айқын сезіледі. Жоңғар қонтайшысының (актер Ш.Амантұров) көрермен арасындағы ағаш өткелде жыланмен арбасуы, жанында отырған көрерменге фобия туғызып, тікелей интерактивке түсуі, сахнадағы күшіктің мазасыз қозғалысы – бәрі бірігіп, үрей мен қорқыныш атмосферасын тудырды. Қабырғаға түскен бейнелік көлеңкелер – қасқырлар көші мен жоңғарлар шапқыншылығы, аспандағы жымыңдаған жұлдыздар, қос актрисаның сол өткелде тұрып қасқыр болып ұлуы, актрисалардың пластикалық трансформациясы – көрерменді оқиға ішіне «тартып», психологиялық қысым қалыптастырды. Музыкалық жанды сүйемелдеу де (жетіген, домбыра, қобыз үні) ұлттық бояуды күшейтіп, сахналық әрекеттің эмоциялық қуатын арттырды («Тарлан» ВИА). Жаудан пана іздеп, тауға – үңгірге қарай тырмысып өрмелеген әйелдердің жауын астында қалып, арты қарға ұласқан шиеленісті сәті де сахнада шынайы өрілді. Ал, сол тұста ойда-жоқта төбедегі лампалардың біріне су тиіп, от шашып азғана уақытқа тұтануы қойылымның айнымас бір бөлігіне айналғандай әсер берді. Абдырап қалған көрермен де, ойынды тоқтатқысы келмеген әртістер де бұған аса мән берген жоқ. Қайта сценарийдің бір бөлшегіндей қабыл алды. Спектакль соңындағы жалғыз өскін - көк шыбықтың үңгір басына қадалуы келер күннен үміт күткен бейбіт өмірдің символикасындай әсер етті.

Дегенмен, қойылымның әлсіз тұстары да болмай қалған жоқ. Перформанс табиғаты талап ететін символдық көпқабаттылық кей сәттерде шамадан тыс жүктемеге айналып, актерлердің сөйлеу арқылы жеткізуі тиіс диалогтарын «тұсап» тастады. Кейбір көріністердің тым ұзаққа созылуы динамиканы бәсеңдетіп, көрермен назарын шаршатты. Сахнадағы әлсіз шам түкпірдегі интерактив элементтерінің кейбірін драматургиялық тұрғыдан көрерменге анық көрсете алмады. Кей эпизодтар әсер қуалаған тәсіл ретінде ғана қабылданды. Төбеден ілінген микрофондардың болмауы да дауыстарды анық естіртпей жатты.

Қалай десек те, «Қатынқамал» – Райымбек театрының жаңа ізденіс жолындағы батыл қадамы. Ең бастысы – қойылым көрерменді бейжай қалдырмады, қазақ әйелдерінің жауынгерлік рухын сезінуге мәжбүрледі. Ал театр үшін бұдан асқан мақсат жоқ.

Бекжігіт СЕРДӘЛІ

Бақытын гүлден тапқан әйел



Дильназ Анарбайқызы – Сауран ауданының кәсіпкері, Сауран ауданы іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы. Оның өмір жолы –қарапайым бастамадан үлкен кәсіпке дейінгі табандылық пен еңбектің жарқын үлгісі.

ҰЯДА НЕ КӨРСЕҢ...

Дильназдың кәсіпке деген бейімі бала кезден қалыптасқан. Әкесі агроном, бригадир болып еңбек етсе, әжесі гүл өсірумен айналысқан. Ол кісіні ел «гүл өсіруші апа» деп атайтын.

– «Әркім өз көргенін істейді» дейді ғой. Әжем гүл өсіріп, мектептерге беретін. Сол кісіден көп нәрсе көрдік, – дейді кейіпкер.

Осы орта Дильназдың болашақ кәсібінің іргетасын қалады.

4000 ТЕҢГЕЛІК ГҮЛ – АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

Дильназдың кәсіп жолы тосын жағдайдан басталды. Бала-шағаны асырау жолын іздеп жүрген кезде бір күні Дильназ көршісінің терезесіндегі гүлді көреді.

– Сол гүлді 4000 теңгеге сатып алдым. Жұбайым ренжіді, себебі өзі күніне 1000 теңге ғана табатын. Содан соң мен ол гүлді сатып жіберуге мәжбүр болдым. Содан 500 теңге пайда көрдім. Мен үшін ол кезде үлкен табыс болды. Сосын «гүлден де табыс табуға болады екен-ау» деген ой туды. Сондықтан менің гүл саудасына көшуіме сол оқиға түрткі болды дей аламын, – дейді Дильназ Анарбайқызы.

Осы қарапайым қадам оның үлкен кәсіпке бет бұруына себеп болды.

Басында бір ғана гүлден басталған іс бүгінде үлкен жылыжай шаруашылығына айналды. Кәсіпкердің айтуынша, қазіргі таңда гүл түрлерінің саны өте көп. Солардың ішінде қазір ең көп сұранысқа ие өсімдіктердің бірі – замиакулькус, халық арасында «доллар гүлі» деп аталады.

Бүгінде өнім сапасын арттыру үшін заманауи технологиялар енгізілген:

тамшылатып суару жүйесі, автоматты дәрілеу толық автоматтандырылған.

– Бұрын бәрін қолмен істейтінбіз, қазір

техника өзі суарып, өзі дәрілейді, – дейді ол.

Болашақ жоспар: ботаникалық бақ

Кәсіпкер алдағы уақытта ауқымды жоба жоспарлап отыр. Ол 1,5 гектар жер алып, оны толыққанды ботаникалық баққа айналдыруды көздейді.

– Адамдар келіп демалып, өзіне ұнаған, еш жерде жоқ гүлді осы жерден табатындай жағдай жасағым келеді, – дейді Дильназ.

Мемлекеттік қолдау – кәсіптің дамуына серпін

Сауран ауданы құрылғаннан бері кәсіпкерге әкімдік тарапынан қолдау көрсетіліп келеді. Әсіресе аудан әкімі Мақсат Асылбекұлының қолдауы ерекше болса керек. Дильназ Анарбайқызы осы жолда мемлекет тарапынан бір емес, бірнеше рет қайтарымсыз грант ұтып алғанын айтады. Соңғысы – 5 млн теңге (әлеуметтік кәсіпкер статусы)

Индустриялық аймақтан жер берілген.

Қазіргі таңда сол жерде шағын цех құрылысы жүріп жатыр.

Дильназ Анарбайқызы тек өз кәсібін дамытып қана қоймай, басқа әйелдерге де қолдау көрсетіп келеді. Ол – Сауран ауданы іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы. Қазір ол әр ауылдан кәсіпкер әйелдерді іздейді.

Көпбалалы аналарға грант алуға көмектеседі (1,5 млн және 5 млн теңге)

Өз тәжірибесін басқа өңірлерде бөліседі

Қазіргі таңда кәсіпкер 70 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Оның ішінде:

20 адам «Күміс жас», «Дипломмен ауылға», «Алғашқы жұмыс орны» секілді мемлекет бағдарламалары арқылы жұмысқа алынып, мемлекет тарапынан қаржыландырып отыр. Одан бөлек сағатына 500 теңгеден жұмыс істейтін мектеп оқушылары да бар.

– Олар өздеріне дәптер, қалам алуға ақша табады, – дейді кәсіпкер.

Халықаралық нарыққа жол

Бүгінде кәсіпкердің өнімдері Өзбекстан мен Қырғызстанға экспортталады.

– Бұрын Голландия мен Өзбекстаннан алатынмын. Қазір Қытайдан аламын. Болашақта барлығын өзіміз шығарсақ деп еңбектеніп жатырмыз, – дейді ол.

ГҮЛ КҮТІМІ – ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Дильназ гүл күтімінің оңай емес екенін айтады.

– Кей адамдар гүлге көп су құйса болды деп ойлайды. Ол дұрыс емес. Тікелей күнге қойса, күйіп қалады. Жалпы, гүл де тірі ағза, қыста жылы, жазда салқын орта қажет. Оған әр түрлі тыңайтқыш керек. Содан соң Күн сәулесінен қорғау маңызды – дейді ол.

Дильназ Анарбайқызының жылыжайда тәртіп қатаң: жұмыс кезінде телефон қолдануға болмайды. Әр қызметкер кәсіби үйренуі тиіс дейді ол.

Оның өзіндік кәсіпкерлік философиясы бар.

– Бұрын менімен бірге гүл сататындарды ұнатпайтынмын. Қазір олардың да көмектесуші екенін түсіндім, – дейді ол.

Оның басты ұстанымы - қорықпай, тәуекел ету, әрекет жасау.

– «Сен әрекет жаса, мен берекесін берем» дейді ғой Алла Тағала. Бірақ қиындықсыз ештеңе жоқ. Әр қиындықтан кейін жеңілдік бар, – дейді кәсіпкер.

ГҮЛ – ТЕК БИЗНЕС ЕМЕС

Дильназ үшін гүл – жай ғана табыс көзі емес.

– Гүл адамды тыныштандырады, ауаға оттегі бөледі. Біреуге сыйласаң – қуантады, – дейді ол.



ҚОРЫТЫНДЫ

Дильназ Анарбайқызының өмір жолы – қарапайым 4000 теңгелік гүлден басталып, үлкен кәсіпке айналған табандылық тарихы. Ол – тек кәсіпкер емес, жаңа мүмкіндіктер ашып жүрген, қоғамға пайдасын тигізіп отырған тұлға.

Гүл – нәзік. Бірақ оны өсіру үшін мықты мінез керек. Дильназ Анарбайқызы дәл осы екеуін біріктіре алған жан. Бір түп гүлден басталған жол бүгінде үлкен жүйеге, адамдарға тірек болатын кәсіпке айналды. Бұл – сырт көзге қарапайым көрінетін, бірақ ішінде табандылық, тәуекел және сенім жатқан өмір жолы. Кейде үлкен өзгеріс дәл осындай кішкентай таңдаудан басталады.

Бұл жолда оның алғашқы қадамдарына сенім білдіріп, бағыт-бағдар берген жан да болды. Инара Әбдіғаппарқызы – Түркістан облысы іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы ретінде Дильназ Анарбайқызының бастамасына қолдау көрсетіп, оның кәсіби қалыптасуына серпін берген тұлғалардың бірі. Осындай сенім мен қолдау кейде адамның өзіне деген сенімінен де маңызды рөл атқарады.

М. МАЙЛЫБАЙ
Түркістан



ОҚУҒА ҚҰШТАР ҰРПАҚ: САУРАНДАҒЫ СӘТТІ САПАР САБАҒЫ

Қазіргі қоғамда «балалар кітап оқымайды» деген пікір жиі айтылады. Бұл — бір жағынан уақыттың талабы, екінші жағынан, қалыптасқан стереотип. Алайда Сауран ауданында өткен бір кездесу осы түсініктің толық емес екенін тағы бір дәлелдегендей болды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ұйымдастырылған бұл басқосу — жай ғана кездесу емес, оқырман мен автордың, кітап пен өмірдің, сөз бен сезімнің тоғысқан сәті еді.

Аудан көлеміндегі 41 мектептің кітапханашылары қатысқан жиынға оқушылардың да белсенді түрде тартылуы — жобаның шынайы жүзеге асып жатқанын аңғартты. Ең бастысы, 5–9 сынып аралығындағы оқушылардың менің «Достардың махаббаты» атты аударма хикаятымды оқып келуі — оқуға деген қызығушылықтың бар екенін, тек оны дұрыс бағыттай білу қажеттігін көрсетті.

Кештің шымылдығын тоғыз жасар Әбдімаліктің «Ақ бұлақ» әнімен ашуы — кездесу атмосферасын бірден жылытып жіберді. Баланың таза үні мен шынайылығы залға ерекше бір көңіл күй сыйлады. Сол сәттен бастап бұл жиынның ресми емес, еркін, жүрекке жақын форматта өтетіні анық байқалды.

Кездесудің ең құнды бөлігі — сұрақ-жауап кезеңі болды. Оқушылар дайындалған, жаттанды сұрақтармен емес, өздерінің ішкі толғаныстарымен келіпті. Бірі кітапты соңына дейін оқи алмайтынын мойындаса, енді бірі назарын ұзақ уақыт ұстап тұру қиын екенін жасырмады. Бұл — бүгінгі буынның шынайы мәселелері. Мұндай ашықтық — үлкен сенімнің белгісі.

Осындай сәттерде әдебиет тек оқылатын мәтін ғана емес, ол — адамды түсінудің, өзін танудың құралына айналатынын тағы бір мәрте сезінесің. Өз тарапымнан өмірлік тәжірибеммен бөлісіп, оқуға деген қызығушылықты арттырудың қарапайым жолдары туралы ойларымды ортаға салдым. Кей тұста балалардың назарын сергіту мақсатында ән шырқап беруім де — сол байланысты үзбеудің, диалогты жандандырудың бір тәсілі болды. Себебі бүгінгі оқырман — тек тыңдаушы емес, ол — әрекетті, эмоцияны, тірі қарым-қатынасты қажет ететін тұлға.

Бұл кездесуде мені ерекше әсерге бөлеген жайттардың бірі — оқушылардың сәлемдесу әдебі. Мектеп табалдырығынан бастап, оң қолдарын кеудесіне қойып, бас иіп «Армысыз, апай» деп қарсы алуы — ұлттық тәрбиенің көркем көрінісі іспетті. Бұл — кітап оқумен қатар жүретін мәдениеттің, рухани негіздің бар екенін аңғартатын белгі.

Кездесу соңында естелік суреттер түсіріліп, қолтаңбалар берілді. Алайда бұл шараның ең маңызды нәтижесі — фотосуреттер мен естеліктерде ғана емес, оқушылар мен кітапханашылардың айтқан ұсыныстарында жатыр. Әсіресе, «мұндай кітаптарды ата-аналар да оқуы керек» деген ой — бүгінгі қоғам үшін аса өзекті мәселені көтерді.

Шынында да, оқуға құштар ұрпақ тәрбиелеу — тек мектептің немесе мұғалімнің міндеті емес. Бұл — отбасыдан басталатын үрдіс. Үйінде кітап оқылмайтын балаға мектеп қанша тырысса да, толық әсер ете алмауы мүмкін. Сондықтан мұндай жобалардың ауқымын кеңейтіп, оны «оқуға құштар отбасы» деңгейіне дейін жеткізу — уақыт талабы.

Саурандағы бұл кездесу — бір реттік шара емес, үлкен үдерістің бір көрінісі. Ол — кітаптың әлі де өз орнын жоғалтпағанын, керісінше, дұрыс тәсілмен ұсынылса, жас ұрпақтың жүрегіне жол таба алатынын дәлелдейтін нақты мысал.

Осындай мазмұнды кездесуді ұйымдастырған Сауран аудандық кітапхана әдіскері Тұрғанай Тұрғынәліқызына алғыс білдіру — азаматтық парыз.

Бұл сапар мен үшін — жай ғана іссапар емес, оқырманмен қайта қауышу, кітаптың тірі екенін тағы бір мәрте сезіну болды.

Ал ең басты түйін, оқуға құштар ұрпақ бар. Тек соны көре білу керек.

Гүлжаз ҚАРЫБЕК,
медиа ғылымдарының магистрі,
аудармашы





НАСЫР СӨЗ

ҮМІТ ЕТКЕННІҢ АЛДЫ ЖАРЫҚ...

(А.Елгезектің «Дардай» романы бойынша)





А.Елгезектің«Дардай»романы–адамдық борышын ел мүддесімен жалғап өмір сүрген бабалар жолы мен бүгінгі шындықты қатар суреттеген метафоралық-философиялық туынды. Роман Рух бостандығын аңсаумен келе жатқан халықты өз топырағындағы сопылық ілімге жетелеуімен құнды.

Үміт - көңілдің көктемі. Табиғатпен қатар адам рухы да ояну кезеңін бастан өткереді. Екі әлем бірі-бірімен үндесіп тіршілік кешеді. Адамдағы кемелдіктің белгісі Жаратылысты танудан Жаратушыға жол тарту, пенделік нәпсіні тәрк етіп, рухани еркіндікке бет алу болса, «Дардай» романындағы «Бекет-Дардайдың жолы» – сопылық ілім насихат еткен ұлы жол. Автордың Үміті – қазақ халқының ата-баба жолымен рухани еркіндікке жалғанып, «әр ұрпақтың өз Дардайын оятып алатын» халге жетуі. Романның өн бойынан алдағы күннен жақсылық күткен автордың көңіл аңсарын сеземіз. Романға арқау болған қоғамдық - саяси, рухани- философиялық, тарихи-әлеуметтік мәселелердің өзгеше стильде жеткізілуі автордың жазушылық ерекшелігімен қатар азаматтық болмысын да танытады. «Үміт - Жаратқанға деген иманның серігі» деген ойды философиялық пайым ретінде ғана емес, Бекеттің оқиғасы арқылы әр оқырманның бойындағы «Ғаламат рухты» оятқысы келген автордың жан сөзі деп ұққан жөн. Жан қуатын сарқа жазылған туындының әрі күрделі, әрі көркем болып шығуы да осы себепке байланысты.

Бекет – «Жолаушы» («Салик»). Ол алғашқыда өзінің кемелдікке жалғану жолына бағыт алғанын сезген де жоқ. Қарапайым, өз ісін адал атқарып жүрген құрылысшы жігіттің өміріне автор бір түнде Өзгеріс енгізеді. Ол Өзгеріс кенеттен болғандай сезілгенімен, Бекеттің осы жолға іштей дайындығы бар екендігін байқайсың. «Бүгін әйелінің қасына соңғы рет түнейтінін Бекет білген жоқ» деген романның алғашқы сөйлемі арқылы автор оқырманын кейіпкердің «ішкі әлеміндегі саяхатқа» дайындайды. Ол «Жолдың» оңай болмайтынын «жүгіріп өткен көлеңкелер сулынан», қауіптен секем алған кәрі төбеттің ұлығанынан сезесің. «Көлеңке» - романдағы ең маңызды символ-бейненің бірі. Ол әр тұста, әртүрлі кейіпте Бекет кейіпкер түскен сынақтарда қатар жүреді. «Көлеңке» - жан тазалығына ұмтылған кейіпкердің алдағы сынағынан хабар беретін символ. Жарқыраған Алматы шаһарына Алатаудың желкесінен жалп етіп құлаған «тарғыл көлеңкеде» терең

мән бар. Ай солғын тартқан шақта көлеңке күшейеді. Демек, автор суреттеп отырған Табиғат тек көркем кеңістік қызметін ғана емес, үлкен символикалық мәнді де астарлайды. Ол сопылық ілімде ұлы құдіреттің тылсым жаратылысы ретінде бағаланады. Табиғатпен сырласу Адамдық кемелденудің алғашқы қадамдарының бірі саналады.

Роман оқиғасының көктем мезгілінде (сәуір айы) өтуі - рухани ояну ишарасы. Табиғат – кейіпкер кеудесінде ояна бастаған рухтың сыртқы бейнесі. Тұмса сұлулығымен оқырманды таң қалдыратын Табиғат – Адамды Хақпен байланыстыратын алтын мекен. «Бекеттің сайы» - оқырман куә болатын алғашқы тылсым кеңістік. Алматы қаласының сыртындағы «ертегідей әлем» - азғана уақытта Алып адамға айналған Бекеттің бойын жасырған жер. Ол - Бекетті «Дардайға» дайындаған киелі мекен. Бір қызығы, «Бекеттің сайын» таныстырғанда автор баяндаудан эмпатиялық суреттеуге ауысады. Автор оқырманмен сұхбат жасау тәсіліне көшеді. Үшінші жақтан баяндалып отырған оқиға екінші жаққа ауысады. Авторлық субъективизм күшейеді. Ол Табиғатты бақылаушы емес, бағалаушы ретінде көрінеді. Романның ең нәзік детальдерін осы тұстан таба аламыз. Романнан мысал келтіріп көрелік: «…Саймен сәл жоғары өрлеп, тауға қарай жүрсеңіз, жалбыздың мұрын жарар жұпар иісі қарсы алады. Алдыңыздан қойбүлдірген жасыл алақанын жайып, жемісін ұсынып тұрғандай әсер қалдырады…». Автордың өзі айырықша сүйіп тұрған Табиғатқа деген Махаббатын сезбеу мүмкін емес. Автор сұлулықты ақын тілімен жырлайды. Мұндай сәттер, әсіресе, Зақан молда мен Тақсыр, Бекет пен Ораз атасы қатысатын эпизодтарда ерекше байқалады. Мәселен, «Рақым жаңбыры» бөліміндегі «Айналаны ғажайып жұпар иіс жайлады» деген бастапқы сөйлемнен «Алматыда сезілген ғажайып жұпар енді бар даланы жайлап алды» деген соңғы сөйлемге дейінгі толғаныстардан кейіпкер болмысын ғана емес, автор бейнесін де қатар танимыз.

Жоғарыда айтылған көркем детальдерге назар аударайық. Біріншіден, суреттеліп отырған сайға адамның табаны тимеген, екіншіден, ол сайға адам иісі сіңген үй жануарлары да жолай алмайды. Соңғы уақытта Адам Табиғаттан тым алыстап кетті. Ол өзін Табиғаттың бөлшегі деп емес, иесімін деп бағалайтын болды. Шамасы, «Табиғаттан үстеммін» деген ниеті жылт еткен тұстан бастап-ақ адам Жаратушысынан алыстай берсе керек. Табиғаттың әрбір құбылысы – Хақ болмысынан хабар беруші. Автор Табиғатты үлкен рухани кеңістік ретінде алса, кейіпкердің ішкі әлемін кіші әлемге теңейді. Екі әлемдегі үндестік әлсіреген кезде жамандықтың бәсі артып кетеді. Демек, «батыс беткейден жүгіріп өткен көлеңкелер», «сай ішінен есіп өткен қызыл жел», «қабырғаны жорғалай көтерілген ылғал ауа» «Жарық» пен «Нұрға» күрес ашады. Романдағы «көлеңкелер образы» жаңа бір сынақтың немесе қауіптің хабаршысы ретінде суреттелсе, жақсылық жеңген тұста Күн сәулесі жарқырап шыға келеді.

Бекеттің қуат алатын қайнары – Табиғат. Ол Алматының табиғатын ерекше жақсы көреді, оның үстіне, жасырынып жатқан сай оған «ғаламат күш дарытып жатқандай». Бекет Табиғаттың құшағында өзін тың сезінеді. Құдайдың тылсым Жаратылысынан Бекет өзіне үндестік табады. Сопылықтың алғашқы сынағынан өтеді. Табиғат құшағында жатқанда ойына өмірінің ең шуақты кездері оралады. Көктегі жұлдыздар оны балалық шаққа жетелейді. Кейіпкер мен әке арасындағы



диалогті автор лирикалық шегініспен береді, алайда ол оқиға оқырманға тап сол сәтте өтіп жатқандай әсер береді. Өткен шақты осы шақпен бітістіріп жіберуден автордың үлкен шеберлігі байқалады. Романның өн бойында оқырманның эмоционалды-интеллектуалды деңгейін сынайтын психологиялық суреттеулер баршылық. Біздің ойымызша, ол - романның мазмұндық-көркемдік қуатын арт-



тырып тұрған жетістік.

Сопылық символика мол кездесетін роман бөлімінің бірі – «Жарық ішіндегі сызат». Бөлімде «Аппақ толқын жарық» пен «ірілі-ұсақты көлеңкелердің», «жалған жарық» пен Ораз ақсақал кейпіндегі «қара пәлекеттің», зікір мен жалған уағыздың, «дымқыл топырақтың иісі» мен «мүңкіген сасық иістің» бейнесі бар. Кеудесіне Нұр еніп, зікір айтып отырған Бекеттің көзі ілініп кеткенде «бақылаушының» пайда бола кеткен сәтін, Ораз ақсақалдың «нұрлы жұмсақ» кейпіне еніп алып, оның маңайына жалған «шуақ шашуын», Бекетке уағыз айтқан сәттегі көңіл құбылыстары мен әрекеттерін жазушы шебер суреттейді. Оқырман Бекет тап болған оқиғаның әр сәтін өз басынан кешіргендей халде болады. Кейіпкердің ішкі әлемінде өтіп жатқан түрлі психологиялық-эмоционалдық құбылыстарға талдау жасап көрейік.

Бөлім атауындағы «Жарық» - Бекеттің ата жолымен Аллаға Зікір айтуының белгісі. Зікір Бекеттің жанын жайландырып, бойындағы үрейді қашырды. Ол зікір салғанда Табиғат та құлақ тігіп, ұйып қалғандай болды. Кейіпкер кеудесіне Нұр толтырып алғандай, жайлы сезімге енді. Осындай ғажайып сәтте әлдеқайдан «жүгірген көлеңкелер» пайда бола қалып, жапырақтар бүрісіп, жұлдыздар бұлт тасасына тығылып үлгереді. Бекеттің Ақтабан күшігі қыңсылап, беймаза күйге түседі. Ақтабанның сезімталдығы мен Бекетке адалдығы ерекше. Ол қожайынының басында болатын Өзгерісті алғашқылардың бірі болып сезді. Ақтабан романның басынан соңына дейін Бекеттің адал серігіне айналды. Ол Байзар құбыжықтың құрбаны болды. Ақтабан – Бекетті сыртқы әлемнің қаупінен қорғайтын, тіршілік пен тылсым арасын байланыстыратын образ. Табиғаттан ажырамаған оның кез келген әрекетінде тазалық пен адалдық бар. Бекеттің Аллаға мойынсұнуы мен Ақтабанның иесіне адалдығында үлкен айырма жоқ. Ақтабан - Бекеттің «Жолаушылық» сапарындағы сенімді серігі. Жазушы Жаратылысты Бүтін қалпында суреттеп, оның әр Бөлшегінің (Адам, Жан-жануар, Өсімдік. т.б.) арасындағы рухани байланысқа мән береді.

Романда суреттелетін адамды тура жолдан адастырушы Күштің әккілігі таң қалдырады. Шығармадағы мистикалық оқиғаны ақылға сыйымсыз дүние деп емес, керісінше, өмірде одан өткен шынайы оқиға жоқтай қабылдайсың. Бекет пен Ораз ақсақал бейнесіндегі Ібілістің диалогінде эмоционалды-психологиялық детальдер өте шебер қолданылған. Оқырман Шынайы мен Жалғанның арасындағы шекараның тым нәзіктігін ұғады. Атасын еске алып отырып, Бекет «жүрегіне сүңгіп кірген аппақ толқынның» қуатымен Аллаға қалай зікір айтқанын байқамай қалады. Көп ұзамай сай іші мазасыз күйге енеді. Маңайға келген қауіпті алғаш болып Ақтабан сезеді. Бекет сырттан келген адамды алғашқыда жатсынады, бойында үрей де бар. Сондықтан жазушы оны салқын суреттейді. «Белгісіз біреу бақылып тұр», «біреудің тынысы естілді», «бұған теріс қарап бір кісі отыр», «бөгде адамның ерні», «ол тіл қатқан жоқ», «ана кісі», «әлгі кісі» секілді жанама суреттеулер кейіпкермен бірге оқырманның да бойын тітіркендіреді. Сол сәтте «әлгі кісіден» нұр шашырай бастайды. Ол атасының жұмсақ әжімдерін, шоқша күміс сақалын, сабырлы дауысын таниды. Атасын сағынып, әруағы алдында өзін кінәлі сезініп жүргенде естіген аяулы жанның дауысы Бекеттің үрейін сейілтіп, үмітін оятты. Себебі «жалған кейіп»,

«жалған уағыз», «жалған нұр», «жалған иіс» соншалықты «шынайы» еді. Ораз ақсақал бейнесіндегі қара күштің «уағызы» Бекеттің жанын шындап қозғайды. Кейіпкердің бойында жүріп жатқан өзгерістің қалай құбылып жатқанын жазушы шебер суреттейді. Азғана уақыт ішінде Бекеттің жан дүниесіндегі қатты таңданыс күмілжіске, кектеніс түнеріске, дәрменсіздік алаулаған тосын сезімге ұласып келіп, іштегі тың қуат «сынып түскендей болады». Демек, қара күштің аярлығы аңғал Бекетті жеңді. «Кеудесінде жұқа, мөлдір қабырға құлағандай естілді. Алдымен қабырғаның ортасынан ирелеңдеп, жарықшақ жүгіріп өтті де, сырт етіп, сұлай салды» деген үзіндідегі «жарықшақ» - Бекеттің жанына енген әзәзіл сезімнің көрінісі. Бекеттің басына түскен сынақ адамзат баласына жат еді деп айта алмаймыз. Ібіліс Бекеттің бойындағы бұғып жатқан нәпсіні қозғайды. Күн сайынғы тірлікте адам мұндай сынақтың талайын бастан өткереді. Нәпсіні жеңу қандай қиын болса, оған берілу соншалықты ауыр болмайды. Нәпсінің ұлы күш екендігін осыдан аңғарамыз.



Жаратушының назары түскен пендеге сынақтан өту парыз. Оны астарлы мәнде «алтынды отқа салып, қоспасынан ажырату» дейді. Олай болса, Аллға бет бұрған пенденің сынаққа дайын болуы міндетті. Құдайға бастайтын жол сыртқы әлемнен емес, адамның өз ішінен бастау алады. Сопылық ілімде Ібіліс адамды күнә арқылы жеңе алмайтынын сезсе, оны «жақсылық» немесе «қасиетті бейне» арқылы адастыруға тырысады. Ібілістің Ораз ақсақал бейнесіне енуі - кейіпкердің ең осал тұсын, сенімін пайдалану. Егер «жарық» ішінде «сызат» болса, Ібіліс сол жерден енеді. Ібіліс – «жалған жарық», ол кейіпкерді тура жолдан тайдырғысы келеді. Романдағы бұл сәт- «рухани есею» кезеңі. Ібіліс Бекеттің алыптығын, оның бойындағы қуат адамзатты басқаруға жұмсалу керек деп үгіттейді. Сопылық ілімде білектің күші емес, жүректің қуаты сыналады. «Пішінге емес, мәнге үңіл» деген ойдың мәні осында. Бұл - сопылықтағы ең ауыр, бірақ ең қажетті сынақтардың бірі.

Бекеттің «Дардайға» айналу жолындағы қолдаушылары - Тақсыр мен Зақан молда. Екі кейіпкердің болмысында тылсым сипат мол. Романдағы «Нұр» мен «Жарықтың» қуаты осы екі кейіпкерден тарайды. Жазушы сопылық ілімнің сәулелі ұғымдары мен символдарын Тақсыр мен Зақан молда қатысатын эпизодтарда кеңінен ашады. Жұпар аңқыған ғажайып иіс - Жақсылықтың нышаны. Тақсыр мен Зақан молда - сопылық ілім мен бүгінгі адам арасындағы нәзік жіпті қайта жалғайтын дәнекерлер. Қасиетті дұға мен зікірдің қуатымен көктен түскен Нұр Бекеттің ішіндегі қара күшті қуып шығады. Сопылық ілімде «Көлеңке» материалдық әлемнің белгісі деп саналғандықтан, ол Алла Нұрының «Көлеңкесі» деп түсіндіріледі. Біздің ойымызша, «Көлеңке» - «Жарық» пен «Қараңғылықтың» қосындысы. Демек, «алтыннан қоспаны ажыратып алудың» маңызы осында. Сол кезде адам кеудесі Нұрға толып, Даналыққа кенелмек. Бекеттің «Дардайға» айналу жолының хикметін осылай түсінген жөн болар.

Қорыта айтқанда, «Ғаламат рухтың» оянуы үшін әрбір оқырманның «рухани саяхатқа» шығуы маңызды. Ол жол - бабалардан қалған Сопылық жол. «Қақпасыз мекенге» жетудегі таза жүректің адал жолы. Ұлы Өзгеріс сырттан емес, кеудедегі «Дардай» рухтан басталады.

Ұлжан ЖОЛДАСОВА,
әдебиеттанушы, педагог-зерттеуші.
Қазақ әдебиеті бойынша ғылым магистрі.

